80 ЖЫЛ

АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

ДАҢҚ ЖОЛЫ.
СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ





1945 1965 1969 1971 1980 1989



1993 1997 2006 2016 2018 2025

Даңқ жолы. Суреттер сөйлейді

Алматы. _____ 2025. – _____ бет.

«Даңқ жолы. Суреттер сөйлейді» кітабында Қазақстан мұнай өңдеу өнеркәсібі «тұңғышының» 80 жылдық даңқты тарихына қысқаша шолу жасалған. Атырау мұнай өңдеу зауыты Жеңіс туы желбіреген 1945 жылы пайдалануға беріліп, бүгінде Каспий өңірінің беткеұстар өндіріс ошағына айналды. Зауыт сексен жыл бойына негізгі қала құраушы кәсіпорын позициясынан тайған жоқ. Соңғы жиырма жылда «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының жетекшілігімен кең ауқымды модернизация жүргізіліп, соның нәтижесінде зауыт озық технологиялы, заманауи кәсіпорынға айналды.

Кітапта «Қазақстан Республикасының кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбаларының Орталық мемлекеттік архиві» РММ-нің, Атырау облысының тарихи-өлкетану музейінің, JGC, Marubeni, Sinopec, «ҚазҚұрылысСервис» компанияларының материалдары, зауыт ардагерлерінің жеке архивінен, зауыт архивінен материалдар және қазақстандық фотографтар түсірген суреттер қолданылды.

Кітап қалың жұртшылыққа арналған.

ISBN


80
ЖЫЛ
АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ



«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ұжымын
80 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Бүгінгі жетістік – бірнеше буынның қажырлы еңбегі мен табандылығының нәтижесі. Зауыт 1945 жылдан бері мұнай өңдеу көлемін тұрақты арттырып, сапалы өніммен ішкі нарықты сенімді қамтып келеді.

Атырау МӨЗ – бұл тек мұнай өнімдерін шығаратын кәсіпорын ғана емес, бұл – еңбек адамдарының кәсібилігі мен табиғатқа деген жанашырлығы ұштасқан ұйым. Мұнай өңдеу көлемін жылына 5,5 миллион тоннадан 6,7 миллион тоннаға дейін ұлғайту және К-5 экологиялық стандартына көшу бойынша жаңа жобаның іске асырылуы – кәсіпорынның үздіксіз даму жолында екендігін көрсетеді. Сапалы өнім, технологиялық жаңғыру, экологиялық жауапкершілік пен әлеуметтік қолдау – осының бәрі күнделікті жұмыстарыңыздың нақты нәтижесі. Жастарға жол ашып, мамандар біліктілігін көтеріп, жаңа буын кадрларды дайындауға деген көзқарастарыңыз да ерекше құрметке лайық. Мен мұны тұрақты дамуға бағытталған көреген ұстаным деп білемін.

Жеткен жетістіктің артында өз күш-жігерін мұнай-газ саласына жұмсаған, еліміздің экономикалық нығаюына ықпал еткен мыңдаған еңбек адамының адал тері тұрғанына сенімдімін.

Әрбір жобаларыңыз сәтті жүзеге асып, еңбектеріңіздің жемісі ел игілігіне қызмет ете берсін!

Ерлан Ақкенженов,
ҚР Энергетика министрі



Құрметті оқырмандар!

Қазақстандағы мұнай өңдеу өнеркәсібінің алғашқы қарлығашы, еліміздің энергетикалық қауіпсіздігінің тірегі – Атырау мұнай өңдеу зауытының құрылғанына 80 жыл толып отыр.

Атырау МӨЗ – жәй ғана өндірістік нысан емес. Бұл – тірі тарих, мұнай өңдеушілердің бірнеше буынының еңбек майданындағы жеңісінің жылнамасы, Қазақстанның өнеркәсіптік дамуының айшықты нышаны. Зауыт пайдалануға берілген 1945 жылдан бергі соңғы бірнеше онжылдықтар ішінде ішкі нарықты маңызды стратегиялық өніммен қамтамасыз етіп, ел экономикасына өлшеусіз үлес қосып келеді.

Оқырманға жол тартқан бұл кітап – зауыт құрылысына қатысқандарға, өндірісті дамытуға атсалысқандарға, бүгінде Атырау мұнай өңдеу зауытында еңбек етіп жүрген жандарға көрсетілген ілтипат-құрмет. Бұл туындының жөні бөлек. Кітап жалаң энциклопедиялық деректермен, сандармен ғана шектелмейді. Керісінше авторлар мұрағатта сақталған құпия құжаттарға сүйене отырып, тарихтың тасасында қалған деректер мен дәйектерді жарыққа шығарған.

Кітаптың 80%-ынан астамы бұрын еш жерде жарияланбаған мемлекеттік және жеке мұрағаттағы фотосуреттерден тұрады. Бұл суреттер өткенге тереңірек бойлап, заманауи өндірістің тынысын сезінуге мүмкіндік береді.

Атырау мұнай өңдеу зауыты «ҚазМұнайГаз» үшін негізгі активтің бірі болып қала береді. Зауыт ауқымды модернизация кезеңдерінен өтті. Соның нәтижесінде өңдеу тереңдігі артып, өнім сапасы К4 және К5 жоғары экологиялық стандарттарына сәйкестендірілді. Бұл ішкі нарықтағы қажеттілікті өтеп қана қоймай, Қазақстанның энергетикалық тәуелсіз ел ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

Бүгінде Атырау мұнай өңдеу зауыты экологиялық жобаларды іске асыруға ерекше көңіл бөлуде. Бұл бастама қоршаған ортаға артылатын техногендік жүктемені айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берді. Ағын суды тазартатын заманауи кешендер мен газды кәдеге жаратын қондырғылар пайдалануға беріліп, ауаға шығатын лас заттардың көлемі азайды. Бұдан бөлек, кәсіпорын ұжымы жыл сайын мыңдаған ағаш отырғызып, санитарлық-қорғау аймағын көгалдандыруға белсенді қатысады.

Оқырмандарға жол тартқан осы кітап өмір жолы Атырау мұнай өңдеу зауытымен және мұнай-газ өнеркәсібімен ұштасқан жандардың да, өнеркәсіптің, еліміздің даму тарихына қызығушылық танытатын жалпы жұртшылықтың оң бағасын аларына сенімдімін. Туынды – кешегіні зерделеу ғана емес, ел дамуына серпін беретін жаңа бастамаларға көз тігуге көмектесетін көпір.

Барлығыңызды Атырау мұнай өңдеу зауытының іске қосылғанына 80 жыл толуымен құттықтаймын! Кітап танымыңызды кеңейтіп, жағымды әсер сыйласын!

Асхат Хасенов,
«ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы



Құрметті зауыттықтар, қадірлі ардагерлер!

Сіздерді Атырау мұнай өңдеу зауытының іске қосылғанына 80 жыл толу мерейтойымен құттықтаймын. Бұл — бір еңбек ұжымы ғана емес, тұтас аймақ үшін айтулы оқиға.

Атырау мұнай өңдеу зауыты Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде салынып, еңбек майданына жұмылған мыңдаған жұмысшының жанкешті ерлігінің нышанына айналды. Соғыстың салмағын айтпағанда, құрал-жабдықтар мен материалдардың тапшылығы, тасымалдаудың қолайсыздығы, климаттың жайсыздығы сынды кедергілерге қарамастан, қазақ жерінде қысқа мерзімде күрделі өндірістік нысан бой көтеріп, 1945 жылғы 8 қыркүйекте алғашқы өнім алынды. Елімізде мотор отындарының өндірісі жолға қойылып, мұнай өңдеу өнеркәсібінің негізі қаланды.

Мемлекеттің индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары аясында іске асқан қайта жаңғырту жобаларының нәтижесінде өндіріс циклі толық жаңарып, зауытта экологиялық таза өнімдер шығарыла бастады. Қазақстанда әлемдік деңгейдегі мұнай-химия кешендерін құруға алғашқы қадам да осы кәсіпорында жасалып, бензол мен параксилол өндірісі игерілді. Мұнай өңдеудің тереңдігі артып, мотор отындарын тұтынудың табиғатқа тигізер зардабы азайды.

Атырау мұнай өңдеу зауыты — өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуында қомақты үлесі бар стратегиялық маңызды кәсіпорын. Зауыт бағындырған белестердің артында ісіне мығым, қызметіне адал мыңдаған зауыттықтың еселі еңбегі, есепсіз жігері, қажыр-қайраты жатыр. Бұл кітап — осынау даңқты ұжымға сөзбен соғылған ескерткіш.

Жылнамадағы 80 жылда мұнай өңдеушілердің бірнеше буыны алмасты. Бірақ жеңіспен жігерленген ұжымның рухы ешқашан аласарған емес. Тәуелсіз Отанымыздың игілігі үшін аянбай қызмет етіп келе жатқан сіздерге алда да зор табыс, жоғары өндірістік көрсеткіштер тілеймін.

Серік Шәпкенов,
Атырау облысының әкімі



Ардақты ардагерлер, қадірлі әріптестер!

Отандық мұнай-химия өнеркәсібінің қарашаңырағы саналатын Атырау мұнай өңдеу зауыты биыл 80 жылдық мерейтойын қарсы алуда. Бұл – тұтас бір дәуірдің шежіресі, мыңдаған адамның маңдай тері мен қажырлы еңбегінің жемісі. Осы уақыт ішінде зауыт тек өндірістік қуатымен ғана емес, кәсіби кадрларымен, технологиялық жаңашылдығымен, ел игілігі жолындағы іргелі істерімен танылды.

Қолыңызға тиіп отырған бұл кітап – зауыттың қатпарлы тарихына, қалыптасуы мен даму кезеңдеріне, тұлғалық және технологиялық жетістіктеріне арналған тағылымды туынды. Мұнда алғашқы құрылысшылардың табанды еңбегінен бастап, бүгінгі жетістіктер мен елеулі оқиғалар сирек кездесетін фотоматериалдармен айшықталған.

Біздің мақсат – өткенді ұлықтап, бүгінгі биікті бағалап, болашаққа берік қадам басу. «Даңқ жолы. Суреттер сөйлейді» кітабы – соған жол ашатын рухани көпір. Ол Атырау МӨЗ-дің әрбір қызметкерінің, әрбір ардагерінің, әрбір серіктесінің ортақ мерейі мен мақтанышы.

Осы еңбекті жарыққа шығаруға атсалысқан барша авторларға, редакциялық топ пен архив қызметкерлеріне алғысымды білдіремін. Бұл туынды Атырау мұнай өңдеу зауытының даңқты жолын жас ұрпаққа үлгі етіп көрсететін құнды дүние боларына сенемін.

Қуаныш Бишімов,
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС Бас директоры


80
ЖЫЛ
АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

1

БІРІНШІ ТАРАУ

МҰНАЙ ӨҢДЕУ ШЕЖІРЕСІНІҢ БАСТАУЫ: №441 ЗАУЫТ





БІРІНШІ ТАРАУ

МҰНАЙ ӨҢДЕУ ШЕЖІРЕСІНІҢ БАСТАУЫ: №441 ЗАУЫТ

Ұлы Отан соғысының оты өршіп тұрған шақта қазақтың иен даласында №441 тұңғыш мұнай өңдеу зауыты бой көтере бастады. Бұл 1943-тің көктемі еді. Неміс фашистерінің тізе бүгуіне әлі екі жылдай бар. Ал алақандай Гурьевте (қазіргі Атырау) сол дәуірдің өлшемімен алғанда алпауыт өнеркәсіптің өрісі ашылды. Құрылыс қиын-қыстау жағдайда жүрді. Бағандар көкке ұмтылып, қондырғылар тұғырға қонып, зауыт корпусы тұрғызылды. Жеңіске деген құштарлықтың арқасында арқанның тініндей біріккен жаңа еңбек ұжымы қалыптасты. Зауыт өте қысқа мерзімде салынып, Жеңіс туы желбіреген 1945 жылы іске қосылды. Дәл осы уақыттан елдің мұнай саласының жаңа жылнамасы жазыла бастады. Республика бұған дейін тек шикізат базасы саналса, енді мотор отынын өзі шығаруға мүмкіндік алып, мұнай өңдеу мен мұнай химиясының дамуына сүрлеу салынды.

Ленд-лиз шартынан басталған өнеркәсіптік дүмпу

Ұлы Отан соғысына дейінгі жылдарда Кеңес Одағында 14 мұнай зауыты салынып, олар елдің мұнай өнімдеріне сұранысын толығымен өтеп отырды. Мұнай өңдеу зауыттарының техникасы мен технологиясы біртіндеп дамып келе жатты. Бірақ әлі де жетілдіре түсуді қажет ететін.

Кеңес басшылары Германиямен соғыстан қашып құтылмасын және қарулы шайқаста негізгі рольдің әскери техникаға берілетінін анық түсінді. Соғысқа сапалы авиабензин қажет. Ал ол елде тапшытұғын. КСРО-да 1941 жылдың басында 75-85 октанды бензин шығаратын каталитикалық крекинг қондырғысы болған жоқ. Әскери авиацияға арнап 74 октанды және өте аз көлемде 78 октанды бензин өндірілді. АҚШ бұл кезде 100 октанды бензин шығаратын. Кеңес үкіметінің бұл салада АҚШ-тан әлдеқайда артта қалғанын мойындамасқа амалы болған жоқ және бұл мәселенің ең оңтайлы жолы – ленд-лиз (ағылш. lend — зайым беру және lease — жалға беру) арқылы авиация бензинін шығаратын МӨЗ құрылысына тапсырыс беру. 1941 жылы авиабензин өндірісі зауытын сатуды ұсынған американдық E.B. Badger and Sons Co компаниясымен келіссөздер жүргізіле бастады. Ол уақытта АҚШ-та авиация бензинінің октан санын арттыруға мүмкіндік беретін технология жасақталып үлгерген-ді. Ал ол әскери ұшақтардың техникалық сипаттамасын бірден жақсартады.

Конгресс ленд-лиз заңына 1941 жылғы 11 наурызда қол қойды. АҚШ-тың қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі заңы ретінде танылған бұл құжат неміс және жапон агрессорларының шабуылына ұшыраған мемлекеттерге қолдау көрсетуді көздеді. Франклин Рузвельт үкіметі жасақтаған арнайы бағдарлама АҚШ одақтастарына әскери қор, техника, азық-түлік, медицина жабдықтары, дәрі-дәрмек, стратегиялық шикізат, соның ішінде мұнай өнімдерін де тегін жеткізуге мүмкіндік берді. Заңда соғыстан кейінгі және азаматтық мақсатта тұтынуға жарамды мүліктің ақысын толықтай немесе АҚШ ұсынатын ұзақмерзімді несиемен бөліп төлеуді қарастыратын арнайы шарттар да болды.

Кеңес Одағына 1941 жылғы жазда Германиямен соғыс басталғаннан кейін АҚШ-тан көмек келе бастады. Бірақ ол ленд-лизге қатысты емес. Одақ жеткізілген көмектің ақысын валютамен және алтынмен төлеп отырды. Америка президентінің сөзіне қарамастан, ауыз толтырып айтарлық жәрдем бола қойған жоқ. АҚШ нақты ленд-лиз бойынша көмекті КСРО-ға тек 1941 жылғы 7 қарашада Қызыл алаңда болған әскери шеру күні бере бастады.

Ұлы Отан соғысының басталғанына бір ай болғанда, яғни 1941 жылғы 26 шілдеде ЖШҚӘ (Жұмысшы-шаруалар Қызыл әскері) барлау басқармасы басшысы, генерал-лейтенант Филипп Иванович Голиков бастаған кеңес әскери миссиясы Нью-Йоркке (АҚШ) барды. Миссия мүшелерінің қолына автошина зауытына, 3 крекинг және тұрақтандыру зауытына,

жоғары октанды бензин шығаратын кәсіпорынға, 2 абсорциялық және 1 жоғары сұрыпты жағар май инсталляциясына жабдықтар алуға рұқсат беретін құжат табысталды. Одақтың тапсырысында 2 каталитикалық зауыт, толуол шығаратын қондырғы жеткізу және басқа пункттер де болды. 1941 жылғы 23 тамызда ғана кеңестік миссияға авиациялық бензин, этил, крекинг, толуол зауыттары жөніндегі тапсырыстың құпталғаны жөніндегі келісім жолданды.

1942 жылғы жазда АҚШ пен КСРО арасында ленд-лиз бойынша мұнай айдау кәсіпорындарын салу жөніндегі келісімге қол қойылды.

Қызыл Әскердің Сталинград шайқасындағы жеңісінен кейін КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті (МҚК) «Импортты мұнай өңдеу зауыттарын салу туралы» Қаулы қабылдады. 1943 жылғы 14 сәуірде қол қойылған бұл құжатта Красноводскте (№431), Орскте (№228), Куйбышевта (№443) және Гурьевте (№441) зауыт салу көзделді. Құрал-жабдықтардың негізгі жеткізушісі ретінде E.B. Badger and Sons Co фирмасы белгіленді. Ал оны жеткізу АҚШ-тағы кеңестік сатып алу комиссиясы арқылы жүрді. Зауыттың техникалық жобаларын да Badger фирмасы жасады.

Гурьев пен Орскте мұнай өңдеудің негізі Гудри (Houdry) каталитикалық крекинг қондырғысы, ал қалған зауыттарда – соярлық крекинг Винклер-Кох (Winkler-Koch) және атмосфера-вакуумды үздіксіз мұнай айдайтын қондырғылар болды. Бұлардың ішіндегі үздігі Гудри қондырғылары болатын. Куйбышевтағы зауытты 1944 жылғы 1 желтоқсанда, Орскте 1975 жылғы қаңтарда іске қосу жоспарланды. Жабдықтар Тынық мұхиты маршрутымен Владивосток арқылы жеткізілді. Жүк түсіріліп болған соң орнына ағаш, көмір тиеліп, конвойлармен бірге АҚШ-қа кері қайтатын. Соғыс бойына осылай болды.

Зауыт құрылысына арналған импорт жабдықтар Қиыр Шығысқа 1943 жылғы қыркүйектен бастап келе бастады. 1943-1944 жылдарда КСРО МҚК, Қазақ және Түркіменстан республикаларының КП Орталық Комитеті отырыстарында құрылыс қарқынын, материалдық-техникалық қамтуды жеделдету мәселелері басым бағыт ретінде бірнеше мәрте қаралды. Кейін зауыттардың ешбірін жоспардағы уақытта іске қосудың мүмкін емесі түсінікті болды.

Құрылыс үшін құрлық асып келгендер

1944 жылғы қаңтарда Мәскеуге американдық мамандардан құралған топ келді. Олар: Мак-Карди (санақ авторы), Элледж, Хейс, Парк, Эванс, Вулке, Нидерлин, Каррен, Драммонд, Дули, Митчелл, Патридж, Формель, Фуллер, Фостер және Кросби. Американдықтар трансиран маршрутымен жетті: Мексика шығанағы, Орталық және Оңтүстік Америка, Африка, Судан, Египет, Парсы (қазіргі Иран), Сталинград. Жолға екі айға жуық уақыт кеткен. Одақ астанасында Badger фирмасының өкілдігі міндетін атқарған Мәскеу кеңсесі құрылды. Американдықтар КСРО-ға ақша табуға және зауыт құрылысында тәжірибе жинау мақсатында келді. Мұның олардың алдағы іскерлік репутациясына да оң ықпал етері сөзсіз еді. Фуллердің естелігіне сүйенсек, американдықтардың құрлық асына тағы бір себеп болыпты. Ол – шытырман оқиғаларға деген ынтызарлық. Солай болды да. Олар жергілікті климаттың «ғажабын»: жазда +55 °С -ге жетіп жығылатын аптап ыстықты, қыстағы -40°С үскірік аязды көріп, қарапайым өмір салтына куә болды.

Американдық мамандар құрылыс барысын бақылау және зауыттарды іске қосуға міндеттелді. Одаққа келген мамандардың бір бөлігі №1 (американдықтар бөлек нөмірледі) зауыт орналасқан Гурьевке табан тіреді. Одан кейін Орскке (№2) аттанды. Ақпанда Куйбышевтағы №3-ші зауытқа (қазіргі Самара) және Красноводсктегі (қазіргі Түркменбашы) №4-ші зауытқа барды.

Салынып жатқан 4 зауыт бойынша әр екі апта сайын жанжақты есеп жіберіліп отырды. 1944 жылғы қаңтардағы бірінші есепте жобада ұсақ-түйек өзгеріс бары айтылған (зертхана, резервуарлар орнын ауыстыру, т.с.с.). Олардың пайымынша, зауыттың барлығында да құрылысты тежеп отырған негізгі фактор – сызбалар мен техникалық құжаттардың толық болмауы және қажетті жабдықтардың жоқтығы. Американдықтарда тапсырыстардың көшірмесі болмаған. Келіп жеткен жабдықтар коносаменттер, яғни тасымалдаушының жүк иесіне беретін құжаттары арқылы ғана тексеріліп отырған. Бұл тапсырыстың толық жеткізілгенін, сол жұмыс учаскесіне қажет материалдың түгел келген-келмегеніне көз жеткізуге мүмкіндік бермеген. Жағдайды шиеленістірген – осы мәселе. Американдықтар құжаттардың болмауын АҚШ-тан хат жөнелтудің тым ұзақтығымен түсіндірді.

Американдан келген мамандар Гурьевтегі жұмыс барысына жоғары баға берді. Мұнда тек құрылыс енді басталса да, жол, теміржол тармақтары, жұмысшылар поселкесін салу сынды алдын ала жұмыстар жоғары деңгейде жүргізілген еді. «Материалдар мен жабдықтарға қалай қарағанын ерекше айтып өткен жөн. Біз зауытта болғанда дайын түрде келетін ректификациялық бағаналарды қоспағанда, жабдықтардың жалпы тоннасының 78 %-ы қолда болды. Материалдың бәрі тікенді сыммен қоршалған арнайы күзетілетін алаңда сақталды» (Мак-Кардидің есебі).

Зауыт дирекциясы қызметкерлері мен құрылыс басшыларының білігі мен қоян-қолтық қызметі де айрықша атап көрсетілген. Есепте зауыт алаңына, құрамдастырылған қондырғының іргетасына және үлкен бағаналардың біріне Жайық өзенінен су құбырын тарту басталғаны жөнінде айтылған. Формель, Фуллер, Фостер және Кросби Гурьевте қалдырылды. Олар бастапқыда уақытша орынжайда тұрды. Өйткені үйлер әлі толықтай салынып бітпеген еді.

1944 жылғы 30 сәуірде берілген есепте келген құрал-жабдықтың жеткіліксіздігі көрсетілген. Әсіресе, әуе компрессорларының, крандар мен жүк көліктерінің тапшылығына алаңдаушылық болған. ЖЭО-дағы темір конструкцияларын дәнекерлеу сапасының төмендігі, су құбырларын жоспарлаудағы бірқатар қате, құбырлардың тапшылығы да айтылған. Кеңес инженерлері Clarke компрессорымен жұмыста қиындықтар барын, іргетастың өндіруші сызбасына сай салынса да, дірілдің шамадан тыс екені жазылған.

Американдықтар бұдан кейінгі есеп-қисаптарда материалдардың жетіспеушілігі салдарынан құрылыс қарқынына қанағаттанбайтынын және кей жұмысты бастай алмай отырғанын айтады.

Мұның бір себебі ретінде білікті механиктердің тапшылығы да көрсетілген. Зауыттардың кейбірінде дәнекерлеу сапасы қанағаттанарлық деңгейде болмай, біліктірек мамандарға қажеттілік туындады. Осы себептен құрылысты белгіленген уақытта аяқтау қиын, тіпті кей жағдайда мүмкін емес те еді.

1944 жылғы 20 сәуір мен 10 мамыр аралығында Парк, Эванс, Элледж, Хэйс және Мак-Кардиден құралған американдық мамандар тобы №2,1 және 3-ші зауыттарға барды. Куйбышевта оларға Митчелл мен Драммонд қосылып, Орск пен Гурьевке бастап барды. Мұнда олармен бірге Кросби де келді. Гурьев пен Красноводск бойынша тұрақты өкілдікке Каррен тағайындалды. Топтың есеп-қисабында тағы да жабдықтардың жетіспеуі кесірінен құрылыстың мерзімнен кешігіп жатқаны, олардың жартысы солтүстіктегі порттардан бері жылжымай тұрғаны, тек тамыздың аяғы мен қыркүйекте жететіні жөнінде жазылды.

Кеңес пен американдық инженерлер арасында келіспеушілік туындаған жағдайда жұмысқа жауапкершілікті кеңес тарабы өз мойнына алды. Шетелдіктер бұл тектес шешімдерді хаттамада көрсетіп отырды.

Жедел қарқында зауыт салу

1942 жылғы жазда Гурьев ауқымды құрылыстың дайындығына кірісті. Жанармайды ауыстырып тиейтін бекетті жарақтау, айлақ, теміржол тармағын салу, түп тереңдету жұмыстары жүргізілді. 1942 жылғы 22 қазанда «Казахстаннефть» бірлестігінің қарамағына инженерлер тобы келді. Ертесіне бірлестік басшысы Иван Нифонтов пен зауыттың бірінші директоры Гавриил Гореченков кездесті. Әңгіменің ауаны мұнай өңдеу зауытын салуға таңдалған алаң, бас жобалаушы және дайындық кезеңіндегі жұмыстарға жетекші етіп «Нефтезаводпроект» тресін бекіту жөнінде болды.

1943 жылғы көктемде құрылыс алаңын Астраханға ауыстыру туралы мәселе көтерілді. Бұл нұсқаның теміржол және су қатынастарына, мұнай өнімдерін әскери әрекеттер театрына және елдің ірі өнеркәсіп орталықтарына жеткізуге мейлінше қолайлы екені айтылды. Мұнай ұлттық комитеті комиссиясының мүшелері зауыт салатын орынды белгілеуді ұзаққа созған жоқ. Бұл ниеттен хабардар Қазақ КСР Үкіметі Компартиясының бірінші хатшысы Николай Скворцов пен Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Нұртас Оңдасынов бастаған топ әуелгі шешімді өзгеріссіз қалдырып, зауытты Гурьевте салуға өтініш білдірді. КСР Азаматтық қорғаныс комитеті оны мақұлдап, орын таңдау мәселесіне нүкте қойды.

Салынып жатқан №441зауытқа 1943 жылғы маусымның аяғында Г.И. Гореченков директор болып тағайындалды. Сол жылғы қыркүйек пен қазан арасында зауыттың басқарушы құрамы жасақталды.

1943 жылғы 18 мамырда Гурьевке инженер-подполковник Иван Романовский айрықша үкіметтік тапсырмамен келді. Ол КСРО Ішкі істер Халық Комиссариатының аэродром құрылысы бас басқармасының 3-інші құрылыс басқармасына басшы болып тағайындалды. Үшінші басқарма жобаның бас мердігері болып белгіленді.

Романовский Гурьевке келген бойда құрылысшыларды орналастыру, олардың ас-суы, дәрі-дәрмегі, құрылыс материалдарын жеткізу мәселелеріне қатысты сұрақтарды шешу үшін Гурьев облыстық партия комитеті хатшысы Сергей Кругловпен және облыстық атқару комитеті төрағасы Шинходжа Бурбаевпен кездесті.

— Сіздер салатын зауыт бұл өңірдегі иен даладан мұнай кәсіпшіліктеріне тартылған су құбыры мен теміржолдан кейінгі ең ірі, ең керемет құрылыс болмақ. Сіздерге қиын болады, өте қиын, бірақ бүкіл өлке, Гурьевтен Алматыға дейінгі бүтін ел көмекке келеді, - деді Круглов.

Гурьев басшылары Романовскийді жылы шыраймен қабылдап, қолдау білдірді. Басшылар күн сайын құрылыс алаңына барып, жұмыс барысындағы мәселелерді шешуге белсенді атсалысып отырды.

1943 жылғы жаздың басында зауыт құрылысына арналған материалдарды тиеген вагондар Чкалов пен Саратовтан бері қарай жылжи бастады. Ағаштар Оралдан өзен арқылы келді. Кірпіштердің алғашқы партиясы жетті. Құрылысшылар мінген эшелон да Гурьевке табан тіреді. Жергілікті халық оларға «гуастар» деп ат қояды. «Онда «гуастар» жұмыс жасап жатыр», «Жолдас гуас!» деп сөйлейтін. Келген құрылысшылар да әзілмен жауап беріп: «Біз - гуаспыз»,- дейтін.

1943 жылғы тамызда бірінші кезектегі міндеттер шегеленді. Ол: материалдар мен жабдықтарға арналған база, уақытша тұрғын үй қалашығы мен жұмыс орындарын, шетел мамандарына арналған бес екі пәтерлік коттедж, металдан жасалмаған материалдарға арналған екі карьер салу. Көзделген бағдарлама 1944 жылдың басында толықтай орындалды. Құрылыс алаңы қалыптасып үлгеріп, кең ауқымдағы жұмыстарды бастауға дайын тұрды.

1944 жылдың бағдарламасында ЖЭО салып, іске қосу, Жайық өзенінен су алу қондырғысын, одан ЖЭО-на, бірінші кезекте орталықтың жұмысын қамтамасыз ететін өнеркәсіптік кәрізге су жіберу құбырлары, Каспийдің тартылған аумағына қарай зауыттың ағынды суын бұру желісі, механикалық шеберханалар және тікелей айдау, термиялық крекинг, электрмен тұзсыздандырудан тұратын құрамдастырылған қондырғылар, Гудри каталитикалық крекинг, газды фракциялау және алкилдеу қондырғылары мен қазан парктерін салу көзделді. Пешной аралында Бакуден танкерлермен жеткізілетін дистилляттарға арналған нысандардың құрылысы басталды. Бұған қоса, тұңғыш мұнай өңдеушілер қоныстанатын тұрғындар қалашығы бой көтеріп келе жатты.

1944 жыл МҚК-нің зауытты 1945 жылдың үшінші тоқсанында іске қосу жөніндегі қаулысын орындаудағы маңызды кезең болды. 1945 жылғы 1 қаңтарда зауыттың жылу-электр орталығы іске қосылды. Ал тамызда зауыт мұнайдың алғашқы тонналарын қабылдай бастады. Технологиялық қондырғыларды іске қосу-баптау, игеру жұмыстары басталды. ЖЭО мен бірінші кезектегі жалпызауыттық шаруашылық нысандары тұрақты жұмыс істеп тұрды. Одақта бұрын соңды болмаған мұнайды электрмен тұзсыздандыру және құрамдастырылған қондырғының блокта-

ры да сәтті игерілді.

1945 жылғы 8 қыркүйекте алғаш рет қазақстандық бензин шығарылды.

Бұл дата мемлекеттік комиссияның шешімімен өнеркәсіптік өнім шығарудың бастауы болып белгіленді. Мұнай өнімдері МемСТ талаптарына сай болды. Міне, бұл күн содан бері зауыттың «туған күні» саналады.

Қыркүйектің аяғында Гудри мен газды фракциялау қондырғысының құрылысы аяқталып, іске қосыла бастады. Крекинг-блокты игеру өте қиын болды. Гудри сынды қондырғылар Одақ үшін тың, таңсық нәрсе еді. Ол кезде жүз октанды авиация бензинін шығарудың автоматты жүйесі озық техникалық ой саналатын. Американдықтар әлі де алты айдай уақыт керегін айтып, АҚШ-тан Гудриді іске қосатын білікті операторлар мен инженерлердің келуін күтуді ұсынды. Олар бұл жұмысқа 1 млн АҚШ долларын сұрады.

Бұл жағдай зауыт басшылығының көңіліне қонбай, Мұнай өнеркәсібі халық комиссары Н.К.Байбаковтан Гудриді өз күшімен іске қосуға рұқсат алды. Екі ай бойына күрделі жабдыққа сынама жасалып, іске қосуға дайындық жүрді. Шикізат қабылдаудың бірнеше мәрте кейінге қалдырылған кезі де болды. Америка мамандары зауыт басшылығын қандай да бір жағдай бола қалса, жауапкершіліктен ресми түрде бас тартатыны жөнінде хабардар етті. Ондай жағдайдан қашып құтыла алмайтынын да ескертті.

Гудри қондырғысы 1945 жылғы 5 желтоқсанда – бүкілхалықтық КСРО Конституциясы күнінде іске қосылды. Бұл зор жауапкершілік жүгін артқан сәт еді.

Зауыт 1945 жылдың қорытындысы бойынша 80 мың тонна мұнай өңдеді. Газды фракциялау және күкірт қышқылымен алкилдеу қондырғылары бірқатар техникалық себеппен 1946 жылдың I тоқсанында пайдалануға берілді.

Зауытты іске қосу өте қиын жағдайда жүрді. Маман тапшылығы мәселесі өткір тұрды. 1945 жылғы 10 қазанда зауытты қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында зауыт директоры Г.И. Гореченков былай деді: «Технологиялық қондырғылардың мерзіміне қатысты сұрақтар шешілді. Енді соны игеретін адамның жоғын айтуға мәжбүрмін. Жұмыс істеп тұрған зауыттардан кемінде 50 адамды, білікті құрылысшылар мен монтаждаушыларды ұшақпен әкелу керек. Қабылдау формальді түрде емес, дайын өнім беретіндей нәтижелі болуы шарт. Бұған ауысымға қоятын тағы да 30-40 адам керек болады. Құрылысшыларға жобадан тыс жұмыстарды жасауға тура келеді. Оның ішінде құю эстакадасы да бар. Ол болмаса, зауыт шикізатпен қамтылмайды. Үлкен цистерналы сыйымдылықтар да керек».

КСРО Ішкі істер Халық Комиссариатының аэродром құрылысы бас басқармасының 3-ші құрылыс басқармасы басшысы В.И. Анисков былай дейді: «Завод салынды, қондырғылар орнатылды, бүгінде өнім шығара алатындай күйде тұр. Комиссия кадрларға қатысты қолайсыздықты есепке алсын. КСРО Ішкі істер халық комиссарына (Берия) және Мұнай өнеркәсібі халық комиссарына (Байбаков) адамдарды ұшақпен алдырмаған жағдайда зауыт іске қосылмайтынын мәлімдеу керек».

Мемкомиссия төрағасы Г.И. Болдырев технологиялық қондырғыларды сол күйінде пайдалануға қабылдап алу және ішкі істер, мұнай өнеркәсібі халық комиссарларына технологиялық кадрларға қатысты қиындықтар жөнінде мәлімдеу жөнінде билік шешімін шығарды.

1945 жылғы желтоқсанда Мемлекеттік комиссия зауытты тұрақты пайдалануға қабылдау жөніндегі актке қол қойды.

Акт бойынша зауыт құрамына 3 технологиялық цех, тауар-шикізат және жөндеу-механикалық цехтары, ЖЭО сапындағы энергетика шаруашылығы, зертхана, сумен қамту және кәріз жүйесі цехы, Пешной аралығындағы бас база және басқа да қосалқы цехтар кірді.

Зауытты кімдер салды?

№441 зауытты салған құрылысшылар контингенті неміс басқыншылығына ұшыраған аймақтардағы сенімнен шыққан байырғы қызыл әскерлерден, мәжбүрлі түрде жер аударылғандардан және ерікті жалдамалы жергілікті тұрғындар мен түрмедегі тұтқындардан құралды. Тізім құрамы әркез өзгеріп отырды. Құқығы шектеулі жер аударылғандар арнайы қоныс аударушылар мәртебесін иеленді. Олардың әр адымын комендатура, IIXK органдары қатаң бақылап отырды.

1943 жылдың аяғына қарай құрылыста 7 мыңдай адам еңбек етті. 1944 жылы оның саны 10 мыңға жетті. Барлығы да АҚББ 3-ҚБ құрылыс лектерінің сарбазы болды.

1943 жылғы 30 желтоқанда Романовский КСРО IIXK АҚББ басшысының орынбасары Юдинге «аса құпия» деген таңбамен №224-інші хатын жолдады:

«Немістерден азат етілген аудандардан келгендер командирсіз, саяси жетекшісіз жіберілген. Контингент грек, болгар және аз-кем украиндерден тұрады. Моральдық-саяси жағдай қанағаттанарлық деңгейде емес. Бұл құраммен ауқымды саяси-бұқаралық жұмыс жүргізу керек. 26 желтоқсанда Краснодар ауданынан келген 340 адамдық отряд көтеріліс ашпақ болды. Шара қолданғаннан кейін ғана іске кірісті.

1943 жылғы 28 желтоқсанда келгендердің ішінен неміс полициясында қызмет еткен екі адам бары анықталды. Бірі – Томбуджи, аудандық полиция бастығы, екіншісі – Бокал, аға полицей. Екеуін де тұтқындадық.

Құрылысқа шұғыл жағдайда 20 командир және саяси бағыттағы 20 көмекші жіберуіңізді сұраймын».

1944-тің көктемінде Мәскеу, Ленинград, Туапсе, Майкоп, Сталинград пен Қырымнан Гурьевке қарай жұмысшы-құрылысшылар тиелген эшелондар бет алды. Олар құрылыс лектеріне бөлініп, жеркепелерге орналастырылды. Үшінші құрылыс басқармасының инженерлері жеркепенің жазда салқын, қыста жылы болатын керемет конструкциясын ұсынды. Жайықтың шығыс жағалауында жатақханалары, асханасы, клуб, кино, қоймалары бар жеркепелі қалашық бой көтерді. Ғимараттардың сыртында «Зауыт құрылысының бас басқармасы», «Құрылыс басқармасы» деген жазулар пайда болды.

«*Облыстық комитет хатшысы біздің құжынаған лагерімізді көріп: «Мына шөл даланы құрылысшылар жаулап алыпты ғой!»*,

- деп айқайлап жіберді. Бәрін бір шолып шығып, былай деп кеңес берді: *«Бірінші кезекте моншаларды қолға алыңдар. Адамдарды күннен көлегейлепсіздер, бірақ тағы бір қауіптің – эпидемияның алдын алмапсыздар. Індет ыстықпен бірге жүреді. Оған осындай жағдай жағады. Енді осы қауіппен күресулеріңіз керек»* (Романовскийдің күнделігінен).

Эпидемияның алдын алу үшін облыстық комитет хатшысынан, құрылыс басшысы және санитар дәрігерден тұратын төтенше үштік құрылды. Құрылысшыларға моншалар мен ауруханалар берілді. Жайықтан су ішуге тыйым салынды. Күндіз-түні пештерде сұйық мұнай жағылып, үлкен-үлкен қазандарда су қайнатылды. Романовский Мәскеуден дәрі-дәрмек сұратты.

1944 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша құрылыста 52 ұлттың өкілі еңбек еткен. Олар: болгарлар (3011 адам), татарлар (3006 адам), гректер (2420 адам), орыстар (1764 адам), украиндер (547 адам), финдер (444 адам), еврейлер (330 адам), немістер (129 адам), қазақтар (79 адам). Солтүстік Кавказдан, Балтық жағалауы елдерінен, Орта Азиядан жер аударылған ұлт өкілдері де болды.

Құрылыс бойына еңбекке жұмылдырылғандар арасындағы тәртіпсіздікпен күрес жүрді. 1945 жылдың аяғында қоғамдық және ішкі тәртіпті бұзғандардан, қашуға бейім жүргендерден, жұмыс орнынан өз еркімен кетіп қалатындардан, симулянттар мен бөлімшелердің, жергілікті халықтың мүлкіне қол сұғып, ұрлық-қарлықпен айналысқандардан тұратын айып бригадалары жасақталды. Оны 3-ші ҚБ басшысы бекітіп отырды.

Климаттың қолайсыздығына, ас-ауқатқа, жеркепе мен барактардағы тұрмысқа, ауыр жұмысқа құрылысшылардың бәрі бірдей шыдай алған жоқ. Бес жүзден астам адам Гурьев ауруханаларына, Саратов пен Энгельстегі сауықтыру лагерлеріне жіберілген. Физикалық тұрғыда әлсірген құрылысшыларға медкомиссия шешімімен отбасы орналасқан жерге баруына қажетті құжаттар, сондай-ақ жолына ақша мен тамақ беріліп отырды.

Тізімдегі жұмысшылардың 10%-на дейін жеткен аурушаңдықтың жоғары деңгейі 1944 жылы Қазақстанның КП ОК-інде 3-ҚБ басқармасы Романовскийдің есебінде айтылып, сол себептен Халықтық сауда комиссариаты ҚБ-на картоп, көкөністерді белгіленген қордағыдан артығымен түсіруге және тоқсан сайын 500 декалитр су-суан бөліп отыруға міндеттелді.

Майдан жылдарындағы құрылыс әр сарбаз үшін нағыз сынақ болды. Бұл еңбек майданы еді. Ал жауынгерлер сүймен, ара, арба, күрек-балғамен қаруланды. Құрылыста көзге түскен 200-дей озат маман 3-ҚБ-нан зауыт штатына алынды. 1946 жылғы көктемде құрылысшылар ұжымы Саратов-Мәскеу газ құбырының құрылысына ауыстырылды.

Мұнай өңдеушілерге арналған жаңа қалашық

Романовскийге тағы бір міндет – болашақ мұнай өңдеушілерге арналған тұрғындар қалашығын салу жүктелді. Оның екі жобасы болды: мәскеулік және АҚББ 3-ҚБ ұсынған «жергілікті» нұсқа. Жергілікті нұсқаның авторлары – Сергей Васильковский, Александр Арефьев, Лансере, Яворский және Владимир Васильковский. Мәскеулік жоба Мұнай өнеркәсібі халықтық комиссариатының сәулет-жобалау шеберханасында әзірленді.

Орын таңдалды. Ол жер Жайықтың аттың тағасына ұқсас шығыңқы бөлігі еді. Түбекті үш жағынан суы мол өзен шайып тұрды.

Жобалар құрылыс басқармасының техникалық кеңесінде, кейін облыстық партия комитетінде талқыланды. Жиналысқа қатысушылар өте белсенді болды.

«Үй, қала дегеніміз – материалдық ескерткіш, оған қарап біздің дәуірімізге баға береді. Сол себептен де жергілікті жобаны қолдаймыз. Мұнда тың леп бар. Өлкенің климаттық, ұлттық ерекшеліктері ескерілген. Жоба өзінің жаңашыл идеяларымен қызық. Мұның бәрі коммунизм дәуірінде де тұрады ғой. Ал коммунизм үшін мықтап салуымыз керек» деген сөзімен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Круглов талқылауды түйіндеді.

Жиналыстан кейінгі түнде Круглов Мұнай өнеркәсібінің халықтық комиссариатымен байланысқа шығып, жергілікті нұсқаның қабылданғанын мәлімдеді. Ал мәскеулік жоба Ресейдің ортаңғы жолағындағы климат жағдайларына шақталғандықтан және Батыс Қазақстанның шөлейтіне келіңкіремейтіндіктен мақұлданған жоқ.

Тұрғындар қалашығының бірінші кезегі 1945 жылы зауытпен бірге пайдалануға берілді. Бұл қалашық түрлі ұлт пен ұлыстан құралған мыңдаған адамның хас шығармашылығының нышанына айналды. Кішкентай ғана Гурьевте өзінің архитектуралық айрықшалығымен тәнті еткен әдемі ақ тас үйлер пайда болды. Өзен иінінде болашақ саябақтың алғашқы көшеттері бүр жарды. Зауыттың ЖЭО-нан қуат алған электр шамдары жұлдыздай жарқырады. Көшелерге Ұлы Отан соғысындағы маңызды шайқастар мен Кеңес қолбасшыларының есімі берілді. Орталық даңғыл Сталиннің атымен аталды. Ал мәдениет сарайы алдындағы алаңға «Жеңіс» деп айдар тағылды.

КСРО Халықтық комиссарлар кеңесінің Қаулысымен Қазақ КСР-нің Гурьев қаласындағы зауыт жанындағы тұрғындар қалашығының жобасы үшін Иван Михайлович Романовскийге, Сергей Владимирович Васильковскийге, Александр Васильевич Арефьевке Сталиннің екінші дәрежелі сыйлығы берілді.


Гурьевте соғысқа дейін 41,5 мың адам тұрды. Қалада 2 техникум, жұмысшылар факультеті, мұғалімдер институты, медбикелер мектебі, ФЗО, 10 500 орындық 25 жалпы білім беретін мектеп болды. Кеңес билігі кезінде 2 кинотеатр, 2 жұмысшылар клубы, 15 кітапхана және Пионерлер үйі ашылды. Қала тұрғындарына 3 емхана, 2 перзентхана, 4 аурухана, физиотерапия және рентген кабинеттері, жедел жәрдем бекеті, санитарлық авиация ұшағы қызмет көрсетті. Қаладағы 1200 үй электр энергиясын тұтынды.



Жайық-Каспий мұнай қоғамының басқармасы



Әйелдерге арналан екі сыныптық училище



Гурьев. Уральская көшесі



1942 жылы түп тереңдету жұмыстары жүргізілді. Болашақ мұнай өңдеу зауытына шикізат пен жабдықтар қабылдауға дайындық жүріп жатты



Қаланың Бұқара мен Самарқан жағын байланыстырған қалқымалы көпір. 1940 жыл



Жайық өзені арқылы тасымалдау



Николай Константинович БАЙБАКОВ

Кеңес дәуірінің мемлекеттік қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, Ленин сыйлығының иегері. №441 зауыт құрылысы кезінде КСРО мұнай өнеркәсібінің халық комиссары болып еңбек еткен.

Ленин орденінің алты дүркін иегері. Қазан Революциясы орденімен, қос дүркін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. КСРО Үкіметінде Сталиннен Ельцин дәуіріне дейін 40 жыл қызмет атқарған.



Николай Александрович СКВОРЦОВ

Қазақ КСР Компартиясы ОК-нің 1938-1945 жылдардағы бірінші хатшысы. Кеңес дәуірінің мемлекеттік және партия қайраткері.

Ленин орденінің екі дүркін кавалері. «Құрмет белгісі», Отан соғысының I дәрежелі орденімен марапатталған.

КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитеті алдында мұнай өңдеу зауытын Гурьевте салу жөніндегі бастапқы шешімді қорғап шыққан.



Нұртас Дәндібайұлы ОҢДАСЫНОВ

Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесінің (Министрлер кеңесі) төрағасы (1938-1951) және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы (1954-1955). Кеңес дәуірінің мемлекеттік қайраткері. Ленин орденінің үш дүркін, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің екі дүркін иегері.

КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитеті алдында мұнай өңдеу зауытын Гурьевте салу жөніндегі бастапқы шешімді қорғап шыққан.



Сафи Өтебайұлы ӨТЕБАЕВ

КСРО-ның Құрметті мұнайшысы, Қазақ КСР-на еңбегі сіңген ғылым және техника қайраткері. Атырау облысының, Ақтау және Жаңаөзен қалаларының Құрметті азаматы. №441 зауыт құрылысы кезінде «Ембімұнай» тресінің бас инженері болып еңбек еткен. Жаңа зауытқа шикізат жеткізу мәселелерімен айналысқан.

Ленин, Қазан революциясы, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», Отан соғысының II дәрежелі ордендерімен, «Отан», I дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталған.



Иван Михайлович РОМАНОВСКИЙ

Инженер-подполковник, КСРО II Халық Комиссариаты аэродром құрылысы бас басқармасының 3-құрылыс басқармасы басшысы.


Ленин және «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері, Сталин сыйлығының лауреаты.



Гавриил Иванович ГОРЕЧЕНКОВ

№441 мұнай өңдеу зауытының тұңғыш директоры (1943-1947). Кеңестің шаруашылық және саяси қайраткері.

Ленин орденінің, төрт дүркін «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» орденінің иегері.



Гурьев МӨЗ-дің 1945 жылы түсірілген панорамалық суреті
Е.В. Badger and Sons Co фирмасының жобасы бойынша бастапқы айдау қондырғысының жылдық қуаты 558 мың тонна болды. Шикізат ретінде Ембі мұнайы мен Баку дистилляты қолданылды



КСРО ІІХК АҚББ 3-құрылыс басқармасының жетекші құрамы. 1943 жыл




ІІХК офицерлерінің түйені көлік ретінде қолданған кезі де болды. 1944 жыл



КСРО ІІХК АҚББ 3-құрылыс басқармасы офицерлері №441зауыт құрылысы алаңында. 1944 жыл

№441 зауытқа қарасты клуб жартылай қазылған жеркепеде болды. Мұнда құрылысшыларға фильмдер көрсетіліп, концерттер ұйымдастырылатын. Зауыт құрылысшылары түгелге жуық осындай жеркепелерде тұрды






Борис Моисеевич РЫБАК

№441зауыт құрылысы кезінде КСРО мұнай өнеркәсібі халық комиссарының орынбасары болып еңбек еткен. 1947-1948 жылдарда Гурьев МӨЗ-інің директоры болған.

Кеңес дәуіріндегі мемлекеттік қайраткер. Сталин сыйлығының екі дүркін лауреаты. Екі дүркін Ленин орденімен, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Мәскеуді қорғағаны үшін» медалімен марапатталған. Алпыстан астам ғылыми-техникалық еңбектің авторы.





1945 жылғы 1 қаңтарда ЖЭО іске қосылып, зауыттың өзіне және тұрғындар қалашығына электр энергиясын өндіре бастады. Ол 1963 жылы аудандық (Гурьев, қазіргі Атырау) ЖЭО пайдалануға берілгенге дейін жақын маңдағы ықшамаудандарды да энергиямен қамтамасыз етіп, дизельді орталықтармен қатар жұмыс істеп тұрды



1945 жылғы 8 қыркүйекте каталитикалық крекинг қондырғысы іске қосылып, алғаш рет қазақстандық автобензин шығарылды. Мемлекеттік комиссия бұл күнді өнеркәсіптік өндірістің бастауы ретінде белгіледі. Мұнай өнімдері МемСТ талаптарына сай болды. Содан бері 8 қыркүйек зауыттың «туған күні» саналады.

1945 жылғы қыркүйекке белгіленген алғашқы жоспар жалпы өнім бойынша 109,1% -ға, автокөлік бензині 112,9%-ға орындалып, автобензин шығару көлемі 3,0%-ға артты. Тікелей айдау және термиялық крекингтен тұратын құрамдастырылған қондырғы 1-цех құрамында болды. Электрмен тұзсыздандыру қондырғысы да осы цехтың бір бөлігі болды.






Бірегей Гудри каталитикалық қондырғысы 1945 жылғы 5 желтоқсанда іске қосылды. Ол кезде КСРО-да қолданыста болған жалғыз қондырғы еді. 2-цех құрамына каталитикалық крекинг, тазарту және газды фракциялау қондырғысы кірді



Гудри қондырғысын басқару қалқаны. 1946 жыл




Гудри жүйесінің каталитикалық крекинг және бензинді каталитикалық тазарту (тритинг) қондырғысы. 1945 жыл




Гудри қондырғысының операторлары



Гудри каталитикалық крекинг қондырғысы.1945 жыл




Газ фракциялау қондырғысы




Газ фракциялау қондырғысы 1945 жылы салынып, 1946 жылдың 1-тоқсанында пайдалануға берілді



Министрлік 1946 жылғы наурызда күкірт қышқылымен алкилдеу қондырғысы іске қосылған соң академик И.В.Курчатов жүргізетін жұмыстарға өнімдердің тәжірибелік үлгісін шығару жөнінде арнайы тапсырма берді. Гурьевтегі үлгілерге аптасына екі рет арнайы ұшақ келетін.
3-цех күкірт қышқылымен алкилдеу және қышқылды-сілтілік шаруашылықты қамтыды



3-цехтың аммиактық компрессорлық имараты. 1945 жыл




Бакуден осындай танкерлермен дистиллят тасымалданды, ол №441зауыттың Гудри қондырғысына шикізат ретінде қолданылды. 1945 жыл



«Рекс» мұнайтұтқышы 1945 жылдан бастап жұмыс істеді және оның құрамында мұнайбөлгіштер ғана болды



№8 цехтың айналма сумен қамту блогы



Мұнай өнімдерін құюға арналған алғашқы эстакада. 1945 жыл



Мұнай өнімдерін цистерналарға құю сәті. 1945 жыл



Гурьев МӨЗ құрылысының аяқталуы құрметіне Ленин орденімен марапатталған №441 зауыт мұнай өңдеушілері мен құрылысшылары. 1946 жылғы ақпан



Жөндеу-механикалық цехының ұжымы



ЖАҚЫМБАЕВ Толыбай Сахатұлы

№441 зауыттың құрылысына қатысқан санаулы жергілікті тұрғын өкілінің бірі. Оны Қазақстандағы алғашқы электрмен дәнекерлеушілердің бірі деуге де болады. 1934 жылдан бастап құрметті зейнеткерлік демалысқа шыққанша өз ісіне шын беріле еңбек еткен.


«Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері. КСРО ІІХК АҚББ 3-ҚБ Құрмет грамотасымен марапатталған.



Шар тәріздес сыйымдылықтар. 1945 жыл



Зәуре Құмарова – қазақтан шыққан тұңғыш мұнай өңдеуші әйел. №9 кәсіптік училищені тәмәмдап, 17 жасында зауытқа келген. Бастапқыда электрмен дәнекерлеуші болып жұмыс істеп, кейін №1-цехта оператордың көмекшісі, оператор болып еңбек еткен. Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне депутат болып сайланған. Еңбек өтілі – 30 жыл



Тұрғындар қалашағының панорамалық суреті. 1945 жыл



Тұрғындар қалашығында 1949 жылы мұнай өңдеушілерге арналған Мәдениет сарайы салынды. Орталық кіреберістің екі жағында Ленин мен Сталинге қойылған қос ескерткіш тұрды. 1956 жылы КОКП-ның XX съезінен кейін Сталиннің жеке басына табынушылық ресми түрде әшкереленіп, ескерткіш алынып тасталды. Ал дүниежүзілік пролетариат көсемінің тас мүсіні қазіргі Азаттық пен Әуезов көшелері қиысатын алаңға, одан кейін «Мұнайшы» стадионына көшірілді





Зауыттың дербес медициналық бөлімі болды. Оның ересектер мен балаларға арналған емханалары, балалар асханасы, ота бөлімі бар аурухана және зауыттықтардың демалуына арналған профилакторий кірді

1952 жылы зауыттықтардың балаларына арналған орта мектептеп салынды. Бұл ғимараттарда орта және жоғары сынып оқушылары білім алды. Ал қарама-қарсы бетте бастауыш сыныптарға арналған мектеп болды





Зауыттықтардың балаларына арналған бөбекжай және екі балабақша жұмыс істеді



Тұрғындар қалашығындағы жағажай қаладағы ең жақсы орындардың бірі болды. Ол жаз бойына демалушылардан арылмайтын. Жағажайда қайықтар мен катамарандар жалға берілді. Жақын маңда жазғы кинотеатр мен кафе болды. 1950 жыл



Зауыттың жас мамандарына арналған жатақхана




Елена Федоровна СЕРОВА

Шөлді аймақтардағы қалалар мен елді мекендерді көгалдандырушы. Тұрғындар қалашығының жасыл желекке бөленуіне мұрындық болып, оның жетекшілігімен жүздеген құрылысшы төрт сағаттың ішінде 35 мың көшет отырғызған. 1945 жылғы көктемде қосымша 50 мың көшет егіліп, зауыт жылыжайы мен гүлдер оранжереясы жасалды.

Оның талпынысының арқасында Гурьевтегі ең жақсы саябақ бой көтерді.



Мәдениет сарайының айналасындағы гүлзарлар



Мұнай өңдеушілердің жасыл желекпен көмкерілген қалашығы



Сергей Владимирович ВАСИЛЬКОВСКИЙ

№411 зауыт құрылысы кезінде КСРО ІІХҚ АҚББ 3-ҚБ бас диспетчері, бас инженердің орынбасары, техникалық бөлім басшысы лауазымдарында еңбек етті. «Тұрғындар қалашығы» жобасының авторы. 1944 жыл



Александр Васильевич АРЕФЬЕВ

КСРО ІІХҚ АҚББ 3-ҚБ жобалау кеңсесінде жұмыс істеген. «Тұрғындар қалашығы» жобасының авторы.



Тұрғындар қалашығының жоғарыдан қарағандағы көрінісі



ПОСТАНОВЛЕНИЕМ СОВЕТА НАРОДНЫХ КОМИССАРОВ СОЮЗА ССР, ОТ 26 ЯНВАРЯ 1946 г. ПРИСУЖДЕНА СТАЛИНСКАЯ ПРЕМИЯ ВТОРОЙ СТЕПЕНИ

РОМАНОВСКОМУ Ивану Михайловичу, инженер-подполковнику, ВАСИЛЬКОВСКОМУ Сергею Владимировичу, АРЕФЬЕВУ Александру Васильевичу, кандидату архитектурных наук—за проект жилого городка при заводе в г. Гурьеве, Казахской ССР.

НАСТОЯЩИЙ ДИПЛОМ ВЫДАН
ВАСИЛЬКОВСКОМУ
Сергею Владимировичу

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ СОВЕТА МИНИСТРОВ СОЮЗА ССР [И. СТАЛИН]

УПРАВЛЯЮЩИЙ ДЕЛАМИ СОВЕТА МИНИСТРОВ СССР [Я. ЧАДАЕВ]

Москва. Кремль

И.М. Романовкийге, С.В.Васильковкийге және А.В.Арефьевке Сталин сыйлығын беру жөніндегі диплом. 1946 жыл



Евгений Михайлович ПОЛЫНИН

Ұлы Отан соғысына қатысушы, Кеңес-Жапон соғысының жауынгері, аға сержант, 192-ші атқыштар дивизиясы 298-інші артиллериялық полкі штабтық батареясы байланыс бөлімшесінің командирі. Елге оралған соң ГМӨЗ-де ағаш шебері болып еңбек еткен.

«Даңқ» орденінің толық кавалері. Екі дүркін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Кенисбергті алғаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған. Еңбек жолында Құрмет грамоталарын иеленген.



Зауыттықтар. 1950-інші жылдар



1-цех қызметкерлері зауыт басқармасы ғимаратының алдында. 1950-інші жылдар



Бастапқы кезде технологиялық цехтардағы жұмысшылардың 70%-ын әйелдер құрады. Зауытты да әйелдер іске қосты. Ер-азамат аз еді, көбі майданнан оралған жоқ. Бейбіт өмірдің алғашқы жылдарындағы ауыртпалық, жаңа өндірісті игеру, халық шаруашылығын қалпына келтіру қыз-келіншектердің мойнына артылды. 1950-інші жылдар




ГМӨЗ директоры А.Ф.Кабанов
1 мамырдағы шеруде лекті
бастап келеді




Алексей Федорович КАБАНОВ

Зауыттың 1948-1954 жылдардағы басшысы. Оның жетекшілігімен Мәдениет сарайы, стадион және басқа да әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық мақсаттағы маңызды нысандар салынып, пайдалануға берілген. «Еңбек Қызыл Ту», екі дүркін «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.




Жөндеу-механикалық цехының ұстаханасы. Сол жақтан бірінші: жоғары санатты шебер – Жәлел Байсексенов. 1950-ші жылдар



№441 зауыттың солтүстік-шығыс бөлігі. 1945 жыл
КСРО Министрлер Кеңесінің 1945 жылғы 21 қыркүйектегі Қаулысымен тағайындалған №-441 зауытты пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссия 1945 жылғы 1 қазан мен 17 қараша аралығында құрылысы аяқталған барлық нысанның қабылдауын рәсімдеді



Жөндеу-механикалық цехының «пионерлері». 1950-інші жылдар



Хусаин Ногаев – жөндеу-механикалық цехының шебері, №441 зауыт құрылысына қатысушы. 1950-інші жылдар



Нұруахит Бижанұлы БЕКМАМБЕТОВ

Қазақстанның көрнекті энергетигі. 1945 жылғы наурызда зауыттың ЖЭО-на қабылданып, республикадағы тұңғыш мұнай өңдеу зауытын іске қосушылар санатында болған. Ұзақ жыл зауыттың жылу-электр орталығын басқарды. 1961 жылы салынып жатқан аудандық (Атырау) ЖЭО-на директор болып ауыстырылған.

«Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. «КСРО энергетикасы және электрлендіру үздігі», «КСРО-ның құрметті энергетигі» атақтарының иегері.



ГМӨЗ басшылары мен бас мамандары. 1950-інші жылдар



Орталық зауыт зертханасы. 1950-інші жылдар



Зауыт қыз-келіншектерінің жұмыстан қайтып келе жатқан беті. 1950-інші жылдар



Токарь С.Ф.Еремин және цех шебері Х.Айдынов су айдайтын пропеллерлі сорғының бағыттаушы аппаратының сызбасын зерделеу үстінде. Сергей Федорович Еремин Ембі кәсіпорындарында 35 жылдан астам уақыт токарь болып жұмыс істеген. Зауытта ұзақ жылдар еңбек еткен. Ай сайынғы өндірістік тапсырмаларды 160%-ға орындаған. 1950-інші жылдар



Демонстрацияға шыққан зауыттықтар. 1950-інші жылдар




Алдаш Кенешұлы КЕНЕШЕВ

Ұлы Отан соғысының ардагері. ГМӨЗ-де 1950-інші жылдары еңбек еткен. 1954 жылы Гурьев қаласы қалалық партия комитетінің бюросы оны зауыт партия комитетіне босатылған хатшы етіп тағайындады. Одан әрі партия және мемлекеттік органдарда қызмет атқарған. I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденінің иегері. Әскери және еңбектегі жетістіктер үшін медальдармен марапатталған.




ГМӨЗ маманы Е.Нұртаев. 1958 жыл




ГМӨЗ-дің озат операторлары.
Солдан оңға қарай: С.Жұбайқұлов, В.Мартазов. 1958 жыл



Аға оператор М.Бердиев пен операторлың көмекшісі Г.Аничкиннің 1-цехтың тазарту қондырғысын аралап жүрген сәті. 1950-інші жылдар



Бас технолог Николай Шергиловтың зауытқа экскурсия жүргізу сәтінен (сол жақтан бірінші), 1960-шы жылдардың басы



Мұнайшылар әулетінің ұрпағы, коммунист Борамбай Рашпаев – №1 коммунистік еңбек цехының озат слесарі. 1961 жылғы 14 маусым



Еңбек ардагері, ЖМЦ-ның жоғары білікті маманы С.Д.Багров



1-цехтың аға операторы Зекеш Жетмеков. 1960 жыл



Технологиялық цехтың жұмысшылары. 1950-інші жылдар



Термиялық крекинг қондырғысының технологиялық режиміне талдау жасау.
Солдан оңға қарай: цех басшысы И.Ф.Бескровный, аға инженер Р.М.Зильберман және қондырғы басшысы М.Н.Бердиев, 1960 жыл



Жоғары санатты шебер, еңбек ардагері, III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің иегері Р.А.Найденышев. 1960-шы жылдар



Зауыттық ЖЭО турбина цехының мамандары. 1960-шы жылдар



Зауыттың кәсіподақ белсенділері. 1960-ыншы жылдар



Гурьев МӨЗ 1-цехы. 1961 жылғы 16 қазан



ЖЭО ұжымы. 1960-ыншы жылдар



АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

2

ЕКІНШІ ТАРАУ

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАЙТА ЖАРАҚТАНУ





ЕКІНШІ ТАРАУ

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАЙТА ЖАРАҚТАНУ

№441 зауыт (қазір Атырау МӨЗ, АМӨЗ) әуел бастан Ембі мұнайы мен Баку дистиллятынан авиация және автокөлік бензині, түрлі мотор және қазан майын шығаратын отындық нұсқада дамыды.

Алпысыншы жылдардың орта шенінен зауыт дамуының жаңа кезеңі басталды. Бұған мұнайды терең өңдеу қуатының артуы себеп болды. Жаңа өндірістік нысандардың құрылысына Маңғышлақта ашылған ірі кен орындары, Самараға Гурьев арқылы мұнай құбырының тартылуы, Астарханға дейінгі теміржолдың салынуы қарқын қосты. Зауытты жаңарту жолы қиын да ұзақ болды. Бұған жиырма жыл уақыт жұмсалды.

Құрылыстың жұмыс істеп тұрған өндіріс аумағында жүруінің де өзіндік қиындығы болды. Төрт технологиялық қондырғы салынып, іске қосылды.

АВТ-3- ЭЛТҚ Қондырғысы

1969 жылғы тамызда жылына 2 млн тонна мұнай өңдеуге қуаты жететін АВТ-ЭТ қондырғысы іске қосылды. Бұл бұрынғы қондырғыдан 4 есе қуаттырақ еді. Әрі мейлінше жоғары экономикалық өлшемде өнім ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік берді. Қондырғы автобензин, дизель отыны, уайт-спирит, вакуумды дистиллят, қарамай және гудрон шығарады.

АВТ-ЭЛТҚ қондырғысы цех санаты бойынша өтті. Сондықтан оған озат операторлар, негізінен каталитикалық крекинг цехындағыларды жіберді. Осыған қарап-ақ, бұл қондырғыға баса мән берілгенін бағамдай беруге болады. Оны іске қосудың маңызы о баста зауытты пайдалануға бергендегіден кем түскен жоқ.

Кейін бұл қондырғы өндіріс технологиясының жетілдірілуіне байланысты қайта жаңғыртылып, нәтижесінде 1975 жылы АВТ-ЭТ қондырғысының қуаты жылына 3 млн тоннаға жетті. Бұдан былай қондырғы АВТ-3-ЭЛТҚ деп атала бастады. 1976 жылы АТ-2-ЭЛТҚ және АВТ-3-ЭЛТҚ қоныдырғыларында өңделген мұнай 4 964 мың тонна болды.

1987 жылы АТ-2-ЭЛТҚ және АВТ-3-ЭЛТҚ қондырғыларын қайтадан техникалық жарақтау шеңберінде ашық түсті мұнай өнімдерін алудың сызбасы өзгеріп, ауамен салқындату аппараттары енгізілді. Тозығы жеткен сорғылар жаңартылып, бу жетегінің орнына электр жетектері келді. Осының арқасында өндіру тереңдігін жоспарланған 54,9 пайыздың орнына 55,9 пайызға жеткізіп, халық шаруашылығына ондаған мың тонна ашық түсті мұнай және басқа да өнімдерді бірнеше миллион рубльге артығымен жеткізуге мүмкіндік берді.

ЛГ-35П/300-95 Каталитикалық риформинг қондырғысы

Тіке айдалатын нафтаны өңдеу, шығарылатын бензин ассортиментін кеңейту, сұйытылған газ өндірісін жолға қою мақсатында 1971 жылғы желтоқсанда бутансыздандырылған бензиннің жоғары октанды компонентін, сутекті газ бен құрғақ газ өндіруге арналған ЛГ-35П/300-95 каталитикалық риформинг қондырғысы пайдалануға қабылдап алынды. Қондырғының шикізаттық қуаты — жылына 300 мың тонна.

ЛГ қондырғысын салу және пайдалануға беру, қадрлық құрамды жасақтау жұмыстары жоғары деңгейде жүрді. Бұған АВТ-ЭҚ қондырғысын салуда жиналған тәжірибенің көмегі тиді. Іске қосылған жаңа өндірістер технологияны жетілдіруді қажет етті. Жас инженерлер мен операторлар шикізат, отын және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану, өндіріс технологиясын дамыту жайындағы рационализаторлық ұсыныстарын берді.

Каталитикалық риформинг қондырғысы 80-ші жылдардан бастап кезең-кезеңімен жаңартыла бастады. Ауамен салқындату аппараттары қондырылды. Центрифугалы сорғылар ауыстырылды. Компрессорлар, риформинг және сутекпен тазарту блогының жылуалмастырғыштары жаңартылды. Мұның бәрі қондырғының тұрақты жұмыс істеуіне ықпал етіп, жоғары октанды компонент өндірісін қамтамасыз етті. 2005 жылы UOP фирмасының бейметалл катализаторы осы фирманың модификациясы жетілдірілген Р-86 катализаторына алмастырылды. Соның нәтижесінде шығарылатын компо-

ненттің октандық сипаттамасын 2-3 пунктке көтеріп, қондырғының өнімділігін жылына 370 мың тоннаға дейін жеткізудің мүмкіндігі пайда болды.

Баяу кокстеу қондырғысы

Шикізатты кокстеу процесі өндірістегі тағы бір жаңа бетбұрыс болып, зауыт экономикасында айрықша орын алды. Маңғышлақ мұнайының бірегей қасиеті, күлі аз, шайырлы болуы, құрамындағы парафиннің көп болуы ауыр мұнай қалдықтарын өңдеуге және өңдеу тереңдігін арттыруға алғышарт болды.

Зауытта баяу кокстеу қондырғысының құрылысы басталды. Оған «Гурьевнефтехимстрой» тресі бас мердігер болды. Құрылысқа «Гурьевнефтехиммонтаж» басқармасы және «Нефтехимпромстрой» ҚМБ да қатысты. Құрылыс алаңында 900-дей адам еңбек етті.

1980 жылғы маусымда құрылыс, монтаж және баптау жұмыстары жүргізілген соң жабдықтардың дайындығы қаралды. Барлық жүйе жоғары ауа қысымымен, агрегаттар мен коммуникация желілері су қысымымен тексерілді. Сынама кезінде анықталған кем-кетік бірден түзетіліп отырды. Қондырғыға шикізат ретінде гудрон мен қарамай қолданылды.

Баяу кокстеу қондырғысы 1980 жылғы 7 шілдеде өндірістік пайдалануға берілді. Шикізат бойынша жобалық жылдық өнімділік – 600 мың тонна. Қондырғы жылына 120 мың тонна кокс шығарып отырды. Оның ішінде 54 мың тоннасы – электродты.

2011 жылғы қайта жаңғырту нәтижесінде қондырғының өнімділігі жылына 1 млн тоннаға жетті.

Мұнай коксын қыздырып шынықтыру қондырғысы

Кеңес дәуірінде салынған соңғы ірі нысан – 1989 жылы іске қосылған мұнай коксын қыздырып шынықтыру қондырғысы. Қазақстан аумағында тұңғыш рет шынықтырылған кокс өндірісі жолға қойылды. Қондырғының өнімділігі – жылына 140 мың тонна. Бұл қондырғы бүкіл шикі кокстың қыздырып, шынықтырылған кокс және ауқымды мөлшерде жылу энергиясын өндіруге мүмкіндік берді.

Мұнда Гудри және күкірт қышқылымен алкилдеу қондырғыларынан көптеген маман келді. 1988 жылы бірқатар американдық қондырғы тозығы жеткен деп танылып, есептен шығарылған болатын.


Қондырғы мамандары 200-ден астам рационаторлық ұсыныс енгізген. Олардың қатарында қосалқы салқындату жүйесінде кокстың ұсақ бөлшектерін тұту блогы бар. Мұндай блок балама қондырғыларда жоқ.



Машинистің көмекшісі О.Касаткин цистерна сыртына «Отан, Маңғышлақ мұнайын қабылда!» деп жазды



Маңғышлақ мұнайын қабылдауға арналған митинг. 1965 жылғы маусым



1965 жылғы 10 маусымда Маңғышлақ мұнайы тиелген алғашқы эшелон теміржолмен ГМӨЗ-ге жол тартты. Үш мәрте алдын-ала өнеркәсіптік сынақ жасалды. Маңғышлақ кен орындарынан мұнай қабылдау және өңдеу 1965 жылғы 13 шілде ресми түрде бастау алды.




Николай Акимович КОТОВ

1954-1968 жылдарда зауыт басшысы қызметін атқарды. Ұлы Отан соғысы жылдарында АҚШ зауыттарында тағылымдамадан өткен. Оның жетекшілігімен зауытта жаңа технологиялық қондырғылар салынды. Маңғышлақ мұнайы өңдеуге қабылдана бастады.

«Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері.



Зауыт басқармасының ұжымы. 1960-ыншы жылдар



1-цех басшысы Махмұт Бердиев пен цех механигі Георгий Серебряков жұмыс барысындағы сұрақтарды талқылауда. 1960-ыншы жылдар




Сыйымдылықтарға дайын бензинді құю
Солдан оңға қарай: аға оператор Д. Тілеулов және оператор Ниточкина. 1966 жыл




Александр Иванович МАСЛОВ

Зауыттың 1968-1973 жылдардағы директоры. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Оның жетекшілігімен АВТ-ЭЛТҚ және ЛГ каталитикалық риформинг қондырғылары пайдалануға берілді. Зауыт ұжымы социалистік жарыстардың қорытындысы бойынша бірнеше дүркін ауыспалы Қызыл Туды жеңіп алып, министрліктер мен КБОК-ақшалай сыйлықтарының иегері атанған.



АВТ-ЭЛТҚ технологиялық қондырғысының құрылысы




АВТ-ЭЛТҚ операторлар бөлмесі



АВТ-ЭЛТҚ технологиялық қондырғысы шығаратын мұнай өнімдері: автокомпонент, уйат-спирит, реактивті отын, дизель отыны, қарамай, вакуумды газойль, гудрон. 1969 жыл



Солдан оңға қарай: оператор К Абаканов, АВТ-ЭЛТҚ қондырғысының басшысы Ю. Киранов, оператордың көмекшісі В.Ноева, оператор В.Виблый, зауыт директоры А.И.Маслов, аға оператор В.Кабанов, оператор В.Моргин қондырғыны пайдалануға бергеннен кейінгі сәт. 1969 жылғы 28 тамыз



Евгений Ротнов — БЛКЖО XVI съезінің делегаты, Қазақстанның Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты. 1970 жыл



АВТ-3-ЭЛТҚ қондырғысындағы Евгений Ротновтың (сол жақтан екінші) комсомол-жастар ұйымы. 1970 жыл



АВТ-3-ЭЛТҚ технологиялық қондырғысының операторлары



3-цех операторы Тілек Ділмағамбетова бойжеткен шағында зауытқа жұмысқа тұрған. Еңбек өтілі – 44 жыл. Құрметті еңбек ардагері. Еңбектегі ерлігі үшін ҚР Мұнай министрлігінің, ҚР энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің, ҚазМұнайГаз, АМӨЗ Құрмет грамоталарымен марапатталған



Якуб Аблямитовтың (сол жақтан бірінші) слесарьлар бригадасы монтаждау, слесарьлық, күрделі құбыр желілерін жөндеу сынды ауқымды жұмыс спектрін игерді. Я.Аблямитовтың бригадасында А.Фарафонов, А.Ульянов, Ш.Абхаиров, Тыныбаев сияқты жоғары деңгейдегі мамандар болды



ГурьевМӨЗ ардагерлері
Солдан оңға қарай: Ленин орденінің иегерлері Жайғали Бұзаубаев пен Сәлім Қуанғалиев. 1970 жылғы 24 тамыз




Солдан оңға қарай: ГМӨЗ алкилация цехында алғашқылардың бірі боп коммунистік еңбек екпіндісі атанған К.Жиреншиев, В. Черняев, Т. Панасенко. 1973 жыл



Риза Абляз (сол жақтан бірінші) – бригадир, жастар тәлімгері, Ленин және Қазан революциясы ордендерінің кавалері. 1970-інші жылдар



ГМӨЗ шығарған –100 отындық қарамай тиелген алғашқы эшелонды жөнелтуге дайындық. 1976 жыл



Сол жақта М.Есқалиев – қазан жағушылар бригадасының бригадирі, III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің иегері



Анатолий Петрович ВАКУРОВ

Зауыттың 1973–1984 жылдардағы басшысы. Оның есімі жергілікті тұрғындардан шыққан тұңғыш директор ретінде зауыт тарихында қалды. Гурьев қаласында дүниеге келген. Өз еңбек жолында оператордан директорға дейінгі қызмет сатысының барлық деңгейінен өткен.

Оның жетекшілігімен 1976 жылы зауыт мұнай өңдеудің ең жоғары көрсеткішіне қол жеткізіп, бір жылда 4 964 мың тонна шикізат өңдеді. Баяу коксте қондырғысы салынып, пайдалануға берілді.

«Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері.



Бірінші мамыр демонстрациясы. АМӨЗ легін зауыт жетекшілері бастап келеді. Солдан оңға қарай: Николай Бабур – директордың жалпы сұрақтар жөніндегі орынбасары, Жоламан Есенов – зауыт директорының экономика және кадр жөніндегі орынбасары, Григорий Ревков – партия комитетінің хатшысы, Анатолий Вакуров – зауыт директоры, Әжіғали Алимақанов – комсомол комитетінің хатшысы. 1970 жыл



Тәлімгерлер жас мамандармен бірге. 1970-інші жылдар




Зауыт ұжымының табиғаттағы демалысы. 1960-ыншы жылдар

Жөндеу-механикалық цехының электрмен дәнекерлеушісі Ефимия Федорова – әйелзатына аса тән емес мамандықтың өкілі. Оның зауыттағы еңбек жолы 1945 жылы басталған. Цех басшылығы жөндеу кезінде оған жұмыстың ең күрделі учаскелерін сеніп тапсыратын. Жұмысшылардың Қалалық Кеңесіне депутат болып сайланған. Бірнеше мақтау-марапат иеленген





Бірінші мамыр, ГМӨЗ легіндегілер Солдан оңға қарай: Гудри қондырғысының механигі Э.М.Югай, Гудри қондырғысының басшысы М.А.Ривкин және күкірт қышқылымен алкилдеу қондырғысының басшысы А.Н.Фролов. 1975 жыл




Борис Толпақов – Қазақстан комсомолының XIII съезінің делегаты, ГМӨЗ жөндеу-механикалық цехы токарьлар бригадасы комсомол-жастар ұйымының бригадирі. 1974 жылғы 19 ақпан



Каталитикалық риформинг қондырғысы



Каталитикалық риформинг қондырғысының бірінші басшысы Владимир Гафнер. 1971 жыл



Каталитикалық риформинг қондырғысының аға операторы Ю.Д.Сабирьзяновтың (ортада) бригадасы




Зауыт жұмысшылары каталитикалық риформинг қондырғысында.
Солдан оңға қарай: Е. Ротнов, П. Сармин, М. Сарсенғалиев. 1978 жылғы 8 ақпан



Каталитикалық риформинг қондырғысы. 1971 жыл



Каталитикалық риформинг қондырғысы. 2000 жыл



Ауысымнан соң. 1976 жылғы 17 наурыз



Мемлекеттік сапа белгісімен өнім шығаратын АВТ-3-ЭЛТҚ мамандары.
Солдан оңға қарай: аға оператор М.Тұрақбаев, ыстық сорғылар машинисі Қ.Құмашев және оператор М.Мұқашев. 1976 жыл



Гурьев қалалық Еңбекші депутаттар кеңесінің депутаты, теміржол цистерналарына құюшылардың бригадирі К.Толмаков. Оның бригадасы бекітілген кестеден айтарлықтай ілгері жұмыс істеген. 1976 жыл



Бас инженердің қауіпсіздік техникасы жөніндегі орынбасары А.Г.Степановтың зауыт директоры А.П.Вакуров өткізген жиналыста есеп беру сәті. 1976 жыл



Машинистер Т.Антонова мен М.Балчужин – «Үздік маман» байқауының жеңімпаздары. 1976 жыл



Жәлел Байсексенов

АМӨЗ-ге еңбегі сіңген ардагер, жастар тәлімгері, ұсталық кәсіп бойынша жоғары санатты маман. Қоғам белсендісі болған. Оны ширек ғасыр бойына ЖМЦ коммунистері өз цехының басқауыш партия ұйымына хатшы етіп сайлаған.

«Құрмет белгісі» орденінің иегері.



Нұрсұлтан Дарбайұлы ДОСТАНОВ

Мұнай өңдеуші мамандығын таңдап, жоғары техникалық білім алған алғашқы жергілікті тұрғындардың бірі. Зауыттағы еңбек жолын операторлықтан бастап, кейін зауыттың бас технологы, партия комитетінің хатшысы, кадр бөлімінің басшысы болып еңбек еткен. АМӨЗ-ге еңбегі сіңген ардагер. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.



4-цех басшысы Виктор Павлочиш Шаловскийдің қызметкерлерді марапаттау сәті. 1970-інші жылдар



Мемстандарты зауытта шығарылатын қарамайды Мемлекеттік сапа белгісіне лайық деп таныды. Белгіні «Ұлы Қазанды лайықты қарсы алу» социалистік жарысының жеңімпаздары Д.Жиенғазиев, Ү.Жанғалиева, А.Хамзина орнатты.



Өндіріс озаттарына құрмет. 1970-інші жылдар



Орталық зауыт зертханасы ұжымы және оның басшысы И.Т.Рябина (сол жақтан бірінші)



«Комсомол шамы» рейді Солдан оңға қарай: ГМӨЗ комсомол ұйымының хатшысы Борис Талпақов, «Комсомол шамы» штабының төрағасы Эрик Югай және «Новатор» газетінің редакторы Эдуард Хасанов. 1975 жылғы 27 ақпан



К.Ахметова – жөндеу-механикалық цехының токарі, Гурьев еңбекшілер депутаттары кеңесінің депутаты, өндіріс озаты. 1976 жыл



Тұрақтандыру операторы, III дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері А.Тасименов. 1975 жыл




АВТ-3-ЭЛТҚ технологиялық қондырғысы. 1974 жылғы 19 наурыз




Юрий Константинович ШКОДИН

Атырау МӨЗ-ге еңбегі сіңген ардагер. Құрамына баяу кокстеу және мұнай коксын қыздырып шынықтыру қондырғылары кірген 5-цехтің теңдессіз басшысы.

«Құрмет белгісі» және «Құрмет» ордендерінің иегері.



Баяу кокстеу қондырғысындағы жабдықтардың жоғарыдан түсірілген бейнесі. 1980 жыл



Баяу кокстеу технологиялық қондырғысының құрылысы. Сөрені жоғары көтеру. 1977 жылғы желтоқсан



Баяу кокстеу қондырғысын өнеркәсіптік пайдалануға беруге арналған қызыл лентаны Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің үшінші хатшысы Әбілхайыр Кенжебаев қиюда. Оның қасында партияның қалалық комитетінің екінші хатшысы Вячеслав Егорихин тұр. 1980 жылғы 7 шілде




Баяу кокстеу қондырғысын өнеркәсіптік пайдалануға беруге орай ұйымдастырылған митинг. 1980 жылғы 7 шілде



«Гурьевхиммонтаж» басқармасының монтаждау бригадасы.
Ортада тұрған бригадир Орынбасар Қаракөзов баяу кокстеу қондырғысының ашылу салтанатында «Құрмет белгісі» орденімен және Ленин грамотасымен марапатталды.
1980 жылғы 7 шілде



Кокс өндірісі. 1989 жыл



Мұнай коксын қыздырып шынықтыру қондырғысын іске қосуға қатысқан мамандар.
Солдан оңға қарай: В.Кналин, американдық компания өкілі Kennedy Van Saun, ГФР-дан келген инженер И.Шадер, Mannesmann фирмасының монтаждаушылары М. Хек және В.Лайневебер. 1989 жыл



Баяу кокстеу қондырғысында шығарылатын өнім түрлері: зауыттағы технологиялық қондырғыларда отын ретінде қолданылатын майлы газ, кокстеу бензині, жеңіл газойль, ауыр газойль, жиынтық кокс.



Жоламан Есенұлы ЕСЕНОВ

Зауытта «КСРО-ның құрметті мұнай-химигі», «ҚазақКСР-іне еңбегі сіңген экономист» атақтарын алған жалғыз маман. Отыз үш жыл экономика және кадр қызметіне жетекшілік еткен. Зауыттағы еңбек өтілі – 45 жыл. Ұлы Отан соғысына қатысушы. Зауыттың алғашқы жылнамашысы.

І дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» және «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері.



Ұлы Отан соғысына қатысқан зауыттықтар



Мінберде В.И.Ленин атындағы МӨЗ директоры Сергей Шишлов. 1985 жыл



Солдан оңға қарай: Г.В. Адсков, Ж.Е. Есенов, Н.В. Пицын, М.Н. Бердиев, В.В. Гафнер, Н.Д. Достанов, Б.С. Қожиев, Д. Бабур және В. Бабур.1980-інші жылдар



1987 жылы КСРО Мемстандарты дизель отыны мен сұйытылған газды Мемлекеттік сапа белгісіне лайық деп таныды



Махмұт Нұржанұлы БЕРДИЕВ

Атырау мұнай өңдеу зауытына еңбегі сіңген ардагер. Еңбек жолы құрылысы жүріп жатқан зауытта 1944 жылы басталып, алғашқылар қатарында операторлардың 6 айлық курсынан өткен. Термиялық крекинг қондырғысының, 1-цехтың, арнайы бөлімнің, есеп комбинатының басшысы лауазымдарында қызмет еткен.

«Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері.



Фазыл Мұхамбетов – 1-цехтың аға операторы, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері, 1985 жыл



Бақылау-өлшеу аспаптары цехының мамандары. 1985 жыл



19 августа 2005 года НОВАТОР 5

Под руководством старшего инженера НОТ ГНПЗ Г. Метлина, в 1974 году был выпущен агитационный плакат, посвященный работе бригады коммунистического труда Калмухана Толмакова

Опыт работы бригады коммунистического труда Калмухана Толмакова
Гурьевский нефтеперерабатывающий завод им. В.И.Ленина

РАБОТАТЬ, ЖИТЬ И УЧИТЬСЯ ПО-КОММУНИСТИЧЕСКИ

Калмухан Толмаков - оператор эстакады, бригадир бригады сливщиков-разливщиков товарно-сырьевого цеха №4.

В НОГУ С ЖИЗНЬЮ

Товарно-сырьевой цех осуществляет прием и подготовку сырья для технологических цехов завода, прием продуктов переработки, хранение, приготовление и отгрузку товарной продукции. Выполнив социалистические обязательства определяющего года девятой пятилетки, коллектив цеха полугодовой план по сливу нефти и наливу нефтепродуктов выполнил на 102,1 процента.

Планом девятой пятилетки предусматривается проведение больших работ по интенсификации производства. Реконструкции эстакады и расширение товарно-сырьевых парков, увеличение мощности по первичной переработке нефти на 31 процент. Намеченная программа выполняется успешно. За прошедшие 3,5 года пятилетки мощность по переработке нефти возросла на 25,4 процента и, соответственно, увеличился объем приготовления, сдачи и отгрузки товарной продукции.

С таким ростом объема производства коллектив справляется благодаря постоянному внедрению в производство мероприятий по научной организации труда, направленные на улучшение работы сливщиков-разливщиков. На сокращение времени налива нефтепродуктов в вагон-цистерны.

Так, внедрение усовершенствованных систем налива топочного мазута и дизельного топлива позволили нам резко сократить время налива ставки и дало заводу экономию в 40 тыс. рублей. Кроме того, на эстакаде заменен деревянный настил на просечно-вытяжной, смонтированы дополнительные мостики, закончены работы по реконструкции наливных коллекторов нестилированного бензина и мазута.

Претворение в жизнь всех этих и других мероприятий во многом зависит от обслуживающего персонала, от их трудовой организованности. "Один работает хорошо, другой лучше — догоняй лучших и добивайся общего подъема в труде" - под таким девизом работает ныне весь дружный коллектив цеха №4.

Анализируя работ бригады сливщиков-разливщиков, мы убедились, что одно из первых мест в цехе по выполнению социалистических обязательств постоянно занимает бригада, руководимая оператором эстакады, депутатом городского Совета депутатов трудящихся Калмуханом Толмаковым.

Работа этой бригады характеризуется дисциплинированностью. Активностью и добросовестностью, знанием своего дела, техники и технологии производства. В этой бригаде в течение значительного периода времени не имелось случаев нарушений трудовой и производственной дисциплины, ибо сам тов. Толмаков К. требователен к себе и к своим подчиненным. Члены бригады не дожидаются указаний о предстоящем сливе или наливе, а сами активно выполняют все подготовительные работы, по возможности принимают участие в подаче и расстановке вагон-цистерн. Отсюда, при равных условиях работы бригад, слив ставок мартышкинской нефти и налив нефтепродуктов организуется по разному.

Так, по итогам работы шести месяцев в бригаде К. Толмакова на одного рабочего налито нефтепродуктов 713, в бригаде Н.Сулегалиева — 667, в бригаде К.Джунусова — 655 и в бригаде П.Жидкова — 587 тонн в смену.

Эти результаты говорят о том, что лучшая организация труда и правильная расстановка людей, личное участие всех членов бригады в производстве слив-наливных операций дает положительные результаты на выполнение производственного задания.

Труд бригады оператора эстакады К.Толмакова оценен по достоинству: по итогам работы января, марта и июня месяцев с.г. ей был присужден переходящий вымпел цеха и вручен вымпел городского комитета КП Казахстана.

В.П.Шаловский
начальник товарно-сырьевого цеха №4

НАШ МЕТОД РАБОТЫ

Коллектив нашей бригады, включившись во Всесоюзное социалистическое соревнование решающего года девятой пятилетки, полугодовой план по сливу-наливу нефти и нефтепродуктов выполнил на 121 процент. Конечно, какие-либо секретов в нашей работе нет. Все дело в дисциплине, организованности, оперативности в работе и технической грамотности каждого из нас.

Приходит, скажем, в бригаду новый работник. Первым делом я лично беседую с ним на самые актуальные темы, еще раз провожу инструктаж по соблюдению техники и пожарной безопасности. Это дает мне возможность лучше изучить личные качества каждого члена бригады, склонности и способности к быту и на производстве. Затем новичок закрепляется за квалифицированным рабочим, от которого он черпает опыт и технику выполнения работ.

Сам я, принимая вахту, знакомлюсь с положением и обстановкой в цехе и по заводу в целом. Полученную информацию довожу до сведения каждого члена бригады и на протяжении всех вахты контролирую и помогаю им.

Оперативно решать вопросы помогает мне связь со ст. оператором цеха и с диспетчером по заводу, с железнодорожными составителями и весовщиком, с наливным пунктом, что, в конечном счете, сказывается на сокращении простоев вагон-цистерн под погрузо-разгрузочными операциями, на объеме выполненных работ.

При неисправности оборудования (стояков, сосков, заземления и т.д.) мы начинаем производить ремонт силами бригады, не дожидаясь прибытия слесарей. Главное — это правильно расставить людей на рабочие места. В случае необходимости — на период отдыха и принятия пищи — подменять работника, чтобы эстакада постоянно находилась под контролем членов бригады. Не забываем мы следить и за своим рабочим местом. При наличием освобождении от погрузо-разгрузочных операций, сразу приступаем к уборке эстакады и прилегающей к ней территории.

От имени всего коллектива бригады мне поручено сказать, что воодушевленные историческими решениями XXIV съезда КПСС и декабрьского (1973 г.) Пленума ЦК КПСС, в ответ на Обращение ЦК КПСС к партии, к советскому народу, мы взяли на себя дополнительные повышенные обязательства:

- за счет применения передовых методов организации труда сократить простой вагон-цистерн под погрузо-разгрузочными операциями на 0,1 часа против нормы;
- добиться сокращения расхода пара на 1 и электроэнергии на 2 процента;
- активно участвовать в общественной жизни цеха и завода, в рационализации и улучшении своих рабочих мест;
- постоянно повышать свой технический и политический уровень знаний.

Заверяем, что приложим максимум усилий по досрочному завершению девятого пятилетнего плана на основе перевыполнения ежедневных норм выработки, экономии сырья и материалов, изыскания и приведения в действие новых внутренних резервов производства.

Справа налево: Н.И.Донсков, К. Толмаков, Х. Бахтияров, Б. Даулеткалиев, Ж. Джунатаев.

ЗА СВОЙ ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД КАЛМУХАН ТОЛМАКОВ БЫЛ НАГРАЖДЕН ОРДЕНОМ "ЗНАК ПОЧЕТА"



Каталитикалық риформинг қондырғысының аға операторы В.Шайков



Зауыт қызметкерлерінің отбасы мүшелерімен бірге батыр қала Волгоградқа сапары. 1980-інші жылдар



Бас инженер Садуохас Мералиев (ортада) жиналыс өткізуде. Бас механик Сергей Немцев және бас есепші Лариса Донскова. 1990 жыл



Зауыттың бас механигі жиналыс өткізуде. Солдан оңға қарай: жетекші инженер Игорь Шумилов, бас механик Сергей Немцев, бас механиктің орынбасары Марат Молдашев. 1992 жыл



Владимир Викторович ГАФНЕР

Зауыттың 1986-1999 жылдардағы басшысы. Кеңестің, Қазақстан мен Ресейдің шаруашылық қайраткері. Атырау МӨЗ жетекшілігінде 24 жыл еңбек етіп, оның 11 жылында бас инженер, 13 жылында директор лауазымында болды. Оның өндіріс, техникалық ой мен ғылымның дамуына қосқан үлесі орасан. В.В.Гафнердің жетекшілігімен үш технологиялық қондырғы іске қосылды. Ол экономика нарықтық қатынастарға көшкен сындарлы уақытта ұжымды ұйыта білді. Атырау қаласының Құрметті азаматы.

«Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерінің иегері.



№3-цех басшысының орынбасары Ю.Т.Милехин және цехтың аға механигі Р.Ж.Жанғабылов



№3-цехтың аға операторы З.Мұхамедиевтің бригадасы. 1995 жыл



ЖЭО ұжымы «Кәсіпорын күні» мейрамында. 1993 жыл



Атырау МӨЗ ардагерлері



Владимир Афанасьевич СЕРДЮК

АМӨЗ-ге еңбегі сіңген ардагер. Зауытқа 46 жылын арнаған. Еңбек жолын 1-цех операторы болып бастап, кейін өндірістің алуан түрлі учаскесінде жұмыс істеген. Құрылыс қызметін 32 жыл бойына үздіксіз басқарып, АВТ-3-ЭЛТҚ, каталитикалық риформинг, баяу кокстеу, кокс мұнайын қыздырып шынықтыру, инертті газ қондырғыларына, ондаған жалпызауыттық шаруашылық нысанының құрылысына тікелей қатысқан. Бұдан бөлек, тұрғын үй құрылысына да жетекшілік еткен.

«Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерінің иегері.



Айтқали ХАСАНОВ

АМӨЗ-ге еңбегі сіңген ардагер. Зауыттың электр цехында 48 жыл техник-электрик боп еңбек еткен. Зауыт басшылығы атынан көптеген мақтау-марапат алған.



Жастар тәлімгері, 8-цехтың «Тазарту құрылыстары» қондырғысының жетекші операторы Бәтима Баймұханова



Цех басшысы А.Ф.Гущиннің ЖАС құю желісі операторларына тапсырма беріп тұрған сәті. 1994 жыл



ЖЭО ХСТ аға аппаратшысы М.Қаламқалиева. 1995 жыл



ЖЭО ардагерлері. 1995 жыл



ЖЭО-ның электр-газбен дәнекерлеушісі В.Д.Поляшко. 1995 жыл



8-цехқа қарасты тазарту құрылыстары қондырғысының басшысы М.Ж.Ақбердиевтің операторларға аймақты абаттандыру жөнінде тапсырма беріп тұрған сәті. 1995 жыл



Ұлы Отан соғысына қатысушы және жауынгер-интернационалист зауыттықтар. 1990-ыншы жылдардың аяғы



АМӨЗ бас технологы Д.И.Камитов, М.Л.Кремер, техникалық бөлім бастығының орынбасары Ө.Б.Уандықов. 1995 жыл



Зауыт ұжымы мерекелік шарада. 1990-ыншы жылдар



АМӨЗ мамандары Наурыз мейрамында
Солдан оңға қарай: М. Молдашев, В. Лаговский, Н. Қонысов, Е. Чакликов, С. Немцев, Н. Абуов, А. Хрестокьянц, В. Поленов, Р. Жанғабылов.

1993 жылы «Стандарттау және сертификаттау туралы» Заң қабылданғаннан кейін «Өнімді сертификаттауды кезең-кезеңімен енгізу, тұтынушылар құқын адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіпті сапасыз өнімдердің нарыққа шығуынан қорғау туралы» Үкімет қаулысы қабылданды. Бұл Заңның АМӨЗ-дің қызметіне тікелей қатысы бар. Зауыт зертханасы 1994 жылы ҚР-дағы үш мұнай өңдеу зауытының ішінде алғаш болып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сертификаттау жүйесінде аккредиттелді.


«Орталық зауыт зертханасы» СО құрамына тауарлық, бақылау, санитарлық-өндірістік зертханалар, реагенттер мен газдар зертханасы, сапаны басқару және жөндеу топтары кіреді.

Зертхана кәсіпорындағы барлық технологиялық үдерістің үздіксіз жұмыс істеуін, өнім түрлерінің кәсіпорынның бекітілген паспортына сай шығарылуы мен реализациясын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды өзінің негізгі қызметі бойынша толықтай атқарып отыр.



Людмила Суреновна ПЕТРОСЯН

АМӨЗ-ге еңбегі сіңген ардагер. Жиырма жылдан астам уақыт бойы орталық зауыт зертханасын басқарып, оның дамуына айрықша үлес қосқан. Зертхана Людмила Суреновнаның жетекшілігімен сертификаттау сынақтары саласындағы заманауи нысанға айналып, соңғы үлгідегі жабдықтармен жарақталды.



Мусавара Шаяхметқызы ГУМЕРОВА

Зауытқа еңбегі сіңген ардагер. Ұзақ жылдар "ОЗЗ" СО бастығының орынбасары болып қызмет етті. Зертхана қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсартуға зор үлес қосты. Маман даярлау ісімен айналысып, рационализация жөніндегі жұмыстарға жетекшілік етті.



ОЗЗ тауарлық зертханасы. Бөлім басшысы Сания Ғайниқызы Меңдібаева (оң жақтан екінші). 1995 жыл



ОЗЗ өнеркәсіптік зертханасының лаборанты С.С.Шапабаева табиғат қорғау бөлімінің инженері С.Шафигуллинамен бірге зауыттың санитарлық аумағына талдау жүргізуде. 1995 жыл



Артур Михайлович ШАТИЛОВ

Зауытқа еңбегі сіңген ардагер. Жүргізушіліктен көлік цехының басшысы деңгейіне жеткен. Оның жетекшілігімен цех жаңа автобустармен, арнайы техникамен толығып, жаңа бокстар салынды



Темірғали Исқалиұлы БЕКЕСОВ

Еңбек жолында оператордан өндірістік департамент директорына дейінгі лауазымдарда қызмет еткен. Зауыттағы еңбек өтілі 40 жылдан асады. Соңғы жылдарда кәсіподақ ұйымын басқарды.



Светлана МҰСАҒАЛИЕВА

30 жылдан астам орталық зауыт зертханасында жұмыс істеген. Бақылау зертханасының бригадасына жетекшілік еткен. «Кадр қызметкері» атағының иегері.



Аман НҰРЖЕКЕШЕВ

Орталық зауыт зертханасында компрессорлар машинисі болып жұмыс істеген. Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері.

II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.



Сергей Терентьевич ЗАБРОДИН

1962-1992 жылдар аралығында орталық зауыт зертханасының механигі болып қызмет еткен. Ұлы Отан Соғысы және еңбек ардагері.

«Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері.



Светлана Алексеевна ВОЗНЕСЕНСКАЯ

Санитарлық-өнеркәсіптік зертхананы басқарды, бас дизайнер, агроном-гүл өсіруші, рационализатор. КСРО-ның құрметті донору.







АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

3

ҮШІНШІ ТАРАУ

ЖАҢАРУ ЖОЛЫ. ЖАПОН РЕКОНСТРУКЦИЯСЫ





ҮШІНШІ ТАРАУ

ЖАҢАРУ ЖОЛЫ. ЖАПОН РЕКОНСТРУКЦИЯСЫ

Кеңес дәуірінде салынған қолданыстағы үш қазақстандық кәсіпорын – Атырау, Павлодар, Шымкент зауыттары КСРО ыдыраған кезде, яғни 1991 жылы маңызды техникалық-экономикалық көрсеткіштер бойынша жоспарлы тапсырманы орындап шықты. 1991 жылы 18 048, 97 мұнай өңделген.

Ал 1993 жылдан бастап зауыттардағы негізгі көрсеткіш – мұнай өңдеу көлемі төмендей бастады. Экономикалық-саяси дағдарыстың шырқау шегіне жетуі, бүкілодақтық көлік жүйесінің бұзылуы, өнеркәсіп салаларының өзара байланысының үзілуі мұнай жеткізуде кедергілер тудырып, ақырында кәсіпорын қызметіне кесірін тигізді.

Зауыттар шикізат алудың, өндірістік қуаттылық жүктемесін, кадр құрамын сақтаудың жаңа тетіктерін іздеуге мәжбүр болды. 2000-шы жылдардың басына дейін зауыттар ең қиын кезеңдерді бастан өткерді. Басшылық барын салса да, технологиялық кешендер мұнай жеткізудегі кідірістердің кесірінен тоқтап тұрды.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарында Қазақстанда мұнай өңдеу зауыттарын жаңартудың бірыңғай бағдарламасы болған жоқ. Оның өзіндік себептері де бар еді: салалық министрлікте білікті мамандардың болмауы, зауыттарды жарақтандыру бойынша сараптаманың жоқтығы, т.с.с. Әр зауыт әліне қарай алға жылжып, қажетті жобаларды, даму бағдарын өз бетімен анықтап отырды.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында қазақстандық мұнай өңдеу зауыттары энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында экологиялық таза мотор отынын шығаруды, мұнай өңдеу көлемін арттыруды көздейтін жаңаруға бет бұрды. 2018 жылдан отандық зауыттардың қолданыстағы өндірісі жаңартылып, жаңа нысандар салына бастады. Республика мотор отынымен қамтамасыз етілді. Жобалар экологиялық мүддені де көздеді.

Қайта жаңғыртуға дейінгі АМӨЗ

Атырау МӨЗ-дің технологиялық қондырғылар жиыны аса күрделі болған жоқ және мұнай өңдеу циклі де қысқа еді. Негізгі өндірістегі технологиялық жабдықтар тозған, электрмен қамту нысандары мен жалпызауыттық шаруашылықтың жәй-күйі де аса мәз емес-тін. Зауыт Қазақстанға қажет сапалы өнім шығаруға қауқарсыз болды.

Қазақстан өз алдына бөлек мемлекет боп, тізгінді қолына алған соң бензиннің этилденбеген сұрыптарын шығару саясатын жүргізе бастады. Ал Атырау МӨЗ-дің этилденбеген бензиннің спецификасына сай келетін өнім шығаратын мүмкіндігі болған жоқ. Қазақстанның дизель отынына қоятын нормалары өзгеріп, Еуроодақ спецификасына сәйкестендіру мақсат етілді.

АМӨЗ өте қиын жағдайда болды. «Біз ол кезде техникалық жағынан да, экономикалық көрсеткіштер бойынша да тұралаудың аз-ақ алдында тұрдық», - дейді зауыттың сол кездегі Президенті Ғалымжан Амантурлин. «Қазақойл»-дан қолданыстағы өндіріске жалына ақша сұрадық. Алдымен қондырғыны, сосын қазан парктерін жамап-жасқау керек болды. Зауыттың өзінде қаражат болған жоқ. Айналымдағы ақша өзін-өзі ақтауға әрең жететін. Сол кезде «Қазақойл»-дың президенті Н.Ө.Балғымбаев болмағанда, қолдау да болмас еді».

Бәрі осылай басталды...

90-ыншы жылдарда 60 перспективалық жоба болды. Басымдықтарды саралай келе, соның 7-і ғана қалды. Солардың бірі – ҚР Мұнай министрі Нұрлан Балғымбаевтың табандылықпен ұсынған Атырау мұнай өңдеу зауытының модернизациясы. Ол зауытта қалыптасқан жағдайды толық түсініп, «жоғарыдан» рұқсат алған соң жапон капиталын тарту мүмкіндіктерін зерделеуді ұйғарды.

Нұрлан Балғымбаев 1995 жылдың аяғында Жапонияға іссапармен барды. Бас-аяғы үш күндік сапарда Жапонияның Сыртқы істер министрлігінде, Халықаралық сауда және өнеркәсіп министрлігінде, Жапонияның экспорттық-импорттық

банкінде, Жапон ұлттық мұнай-газ корпорациясында кездесулер өткізеді. Оның күш-жігерінің арқасында жапон тарабы қазақстандық жобаның мән-жайын, оның ел экономикасымен байланысын жете түсініп, соңында инвестиция құюға шешім қабылдайды. 1998 жылы ҚР Үкіметі мен Marubeni корпорациясы арасында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылады. 1999 жылғы маусымда АМӨЗ-ді қайта жаңғырту жобасына техникалық-экономикалық негіздеме жасалды.

Нұрлан Балғымбаев «Қазақойл» Ұлтық компаниясының тізгінін ұстағаннан кейін АМӨЗ реконструкциясы бойынша жұмыстарды қайта жалғастырып, оның дәйекті байламдары Үкімет тарапынан қолдау тапты.

1998 жылы Юкио Ниихо «АМӨЗ реконструкциясы» жобасының менеджері болып тағайындалды. Ол 2002-2006 жылдары Marubeni корпорациясы бөлімшесінің жобаларды жүзеге асыру жөніндегі бас менеджері болып еңбек етті. Юкио Ниихо өзінің естелігінде былай дейді: «Бәрі 1998 жылғы мамырдағы жапондық-қазақстандық экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссия отырысында меморандумға қол қоюдан басталды. Меморандум АМӨЗ-ді қайта жаңғыртуға қатысты еді. Маған жаңа жоба тапсырылды, шынымды айтсам, не істерімді білмей, сасқалақтап қалдым.

1998 жылғы маусымда біздің өкілдер бірінші рет Атырау мұнай өңдеу зауытына барды. Бәрін жаңа парақтан қайта бастасақ деген ниет қана болды. Техникалық-экономикалық негіздеме дайындайтын команда жасақтай бастадық. Ол кезде 5-6 адам едік. Бұл жобаны жүзеге асыруға бір ғана Marubeni қауқарсыз еді. Біз консалтингілік компанияларға, Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкіне (JBIC) және басқа да ұйымдарға қолқа салдық. Командамыз үлкейіп, бір кездері адам саны 20-дан асып жығылды».

Сол жылдары АМӨЗ-дің бас технологы лауазымында болған Олег Лызлов былай дейді: *«Жапондармен алғаш жүздескеніміз-де зауыт мамандарының ешқайсысы бұл ынтымақтастықтың жалғасарына, қайта жаңғыртуға қатысты тақырыптың одан әрі өрбитініне сенген жоқ. Сондықтан да о бастағы арақатынас сәл суықтау болды. Алғашқы кездесулер шағын топпен ғана өтіп жүрді. Оған Владимир Афанасьевич Сердюк, Виктор Лепский, Ерсаин Есенов және мен қатыстым. Жапондардан Ниихо-сан, Marubeni компаниясынан бір маман және аудармашы болды.*

Қызу талқылаулар өтті. Өйткені мамандар екі түрлі менталитет, мүлдем басқа көзқарастағы адамдар ғой. Біз бұған дейін шетелдіктермен жұмыс істеп көрмегенбіз, тәжірибеміз жоқ. Құжаттарды тастай салып, «finish» деп тарқасып, 15 минуттан кейін қайта жиналып, жұмысты жалғастырған жағдайлар аз болған жоқ».

1999 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметі жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін мақұлдаған соң жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары басталды. Бұған 4 шетелдік және 16 қазақстандық жобалау институты мен ұйымы тартылды.

«1999 жылғы сәуірде Marubeni ресми түрде JGC-ге жүгінді. 2000 жылғы тамызда Marubeni мен Қазақойл жобаның қаржылық шығынын дайындау жөнінде келісімге қол қойды. 2001 жылғы мамырда осы екі компания базалық жобаны жасау жөніндегі шартқа қол қойды. Шарттағы сомма аса көп емес емес еді. Ол Қазақстан жаңартуға мүдделі болған нысандарға толық жетпейтін. Сол кезде тете-президент Казуо Ямага-сан және Йошида-сан нысандарды екіге бөлді: технологиялық қондырғылар JGC-ге, ал жалыпзауыттық шаруашылық нысандары АМӨЗ-ге жүктелетін болды», - дейді JGC жобаның жобалау, сатып алу және құрылыс жөніндегі менеджері болып қызмет еткен Масаюки Сайто.

Үшінші мыңжылдықтың басы жаңа құжаттардың жарық көруімен айшықталды.

«Қазақойл» ҰМК мен Marubeni тарапынан атқарылған жұмыстардың нәтижесінде жоба құны 308,8 млн АҚШ долларына жетті. Оның ішінде: 200 млн АҚШ доллары – Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің ҚР мемлекеттік кепілдігі қамтамасыз етілген ұзақ мерзімді несиесі, 35 млн АҚШ доллары – Marubeni корпорациясының несиесі және 73,8 млн АҚШ доллары – «Қазақойл» компаниясының өз қаржысы. 2001 жылы тараптар жобаны қаржыландыру сауалдарын реттеді.

Техникалық жобаны жасауға әлемдік мұнай өңдеу саласындағы үздік 10 инжинирингтік фирма қатарына кіретін JGC таңдап алынды.

«JGC – аты әлемге әйгілі компания, бірақ олар Қазақстанда бұрын-соңды жұмыс істеп көрмеген. Сол себепті құрылысқа түркиялық GAMA компаниясын тартты. GAMA-ның да Қазақстанда жұмыс тәжірибесі жоқ. Сосын қазақстандық нарықта 2 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан түркиялық Tekfon компаниясын тартуды ұйғарады. Ол да аты мәлім компания. Осы екі компания АМӨЗ-дегі құрылысты жүргізу үшін GATE деген атаумен бір шаңырақ астына бірікті. Олардың арақатынасы өзара сенімге құрылды, - деп еске алады Юкио Ниихо. – Менің міндетім Marubeni, JGC және GATE үшеуінің бір-бірімен байланысын реттеу болды. Үйлестірушінің қызметін атқардым. Сол жұмысыммен жобаның ілгерілуіне септігімді тигіздім.

Қиындық аз болған жоқ, тапсырыс беруші тарапынан да, мердігер ұйымдармен де мәселелер туындап жатты. Десек те, оны еңсере алдық».

EPC-шартқа 2001 жылғы 5 желтоқсанда қол қойылды.

Құрылыс

Келісімшарт 2003 жылғы 17 наурызда күшіне еніп, жобаны жүзеге асыру басталды. 2003 жылы уақытша орынжайлар салынды, құрылыс алаңдарында дайындық жұмыстары жүргізілді, қоршаулар қойылды, барлық технологиялық қондырғының: құрамдастырылған қондырғы, сутек және күкірт шығаратын қондырғы, ағынды суды биологиялық тазарту қондырғысының құрылыс алаңдарына қадалар қағыла бастады. Қада қағу жұмыстары үш ай бойына жүрді. Қадалардың жалпы ұзындығы 12 736 шақырымды құрады.

2004 жылы нөлдік белгіден төмен, бетон құбырлар мен конструкциялардан ірге орнату жұмыстары жасалды. Құбыр цехы қолданысқа берілді. Ірі габаритті және үлкен тонналы жабдықтар түгелдей монтаждалды (бағандар, реакторлар, пештер, т.с.с). Қыр-

күйекте 64 метрлік ең биік бағана орнатылды.

Мұнымен бір уақытта жаңа алау қондырғыларының, аралық қазандардың, жаңа суытқыш мұнараның, цехаралық жерасты және жерүсті құбырлардың, жаңа қондырғыларды байырғылармен байланыстыратын электр және аспаптық желілердің, жалпызауыттық шаруашылық нысандарының құрылысы да жүріп жатты. Бұған қоса, осы кезде АТ-2 қондырғысы модернизациядан өтіп жатты.

2005 жылы барлық технологиялық қондырғының, ғимараттар мен құбырлардың құрылысы аяқталды. Желтоқсанда жаңа қондырғыларға электр энергиясы, су мен бу беріле бастады. Цехаралық құбырлар трассасы – 5,23 шақырым, орнатылған технологиялық құбырлар –62,9 шақырым, электр сымдары – 129,8 шақырым, байланыс сымдары – 3,36 шақырым, сумен қамту және кәріз жүйесінің жерасты желілері – 3,5 шақырым. Жабдықтар мен материалдар жеткізіліп, 2005 жылғы қыркүйекте бас мердігер мен мамандар іске қосу алдындағы жұмыстарға кірісті.

Жаңғырту жұмыстары біртіндеп шегіне жетіп, мәре сызығының алдындағы тағы бір маңызды қадам – 2006 жылғы 16 шілдедегі құрылыс-монтаждау жұмыстарының механикалық аяқталуына арналған салтанатты шара жапондық Marubeni мен JGC-дің «түбегейлі тапсыру» шартындағы міндеттерді уақытылы орындағанын растады.

Жапон жағы қондырғыларды жобалауда негізге алынған жаңа технологияларды ескере отырып, «түбегейлі тапсыру» шарты аясында зауыттың қызмет көрсетуші мамандарын процестердің лицензиарлары UOP (АҚШ), KTI (Италия) фирмаларының және процестерді басқару бағдарламасын жасақтаушы Yokogawa Electric фирмасының оқу орталықтарында оқытты. Отыз бес айдың ішінде зауыттың 100-ден астам қызметкері шетелдік мамандармен жұмыста баға жетпес тәжірибе жинап, шетелдік компанияларда қолданылатын жұмысты ұйымдастыру жүйесін көзбен көріп, бағалап қайтты.

Сонымен қатар, «түбегейлі тапсыру» келісімшарты аясында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының 22,2 миллиард теңге көлеміндегі қаражаты есебінен жалпызауыттық шаруашылық нысандарын салу бағдарламасы жүзеге асырылды. Құрылыс-монтаж жұмыстарына 55 отандық компания атсалысты. «МұнайМонтажҚұрылыс» ЖШС, «Имсталькон» АҚ, «ҚазСтройСервис» сынды компаниялар қысқа мерзім ішінде өз міндеті мінсіз орындап шықты. Бұл бағдарламада білікті мамандар, жабдықтар, механизмдер мен крандар, басқа да халықаралық сапа стандарттарына сай жұмыс жүргізуге қажет нәрсенің басын біріктірген «ҚазСтройПромтехмонтаж» АҚ-ның ролі айрықша болды.

Құрылыс жұмыстарына 3000-ға жуық маман тартылды.

Жабдықтар мен материалдарды жеткізу

Құрал-жабдықтар мен материалдарды жеткізу 2003 жылғы қыркүйекте басталды. Жабдықтардың дені шетелде шығарылды.

АМӨЗ-дегі жұмыс кезеңі жайында JGC корпорациясының жобалау менеджері Хидеки Йошиока былай дейді: «Зауыттар Жапония, Ресей, Оңтүстік Корея, Италия, Франция, АҚШ, Үндістан, Ұлыбритания, Болгария, БАӘ, Сингапур, Таиланд және Қазақстанда болды. Біз іргелі өндіруші зауыттарда шығарылған 400-ден астам технологиялық жабдықты қондырдық. Жабдықтар Қазақстан бойынша (Алматы, Павлодар, Шымкент) теміржолмен, Ресей арқылы (Волгоград, Самара) су және теміржол көлігімен жеткізілді. Жапониядан Сеул арқылы Владивостокке, одан әрі Сібір теміржолымен тасымалданды. Еуропадан теңіз жолымен Мариупольге, Атырауға дейін өзен баржасымен, әрі қарай теміржол және автокөлік жолымен жеткізілді.

Қазақстандық компаниялар арасынан металл конструкциялар жасайтын Имсталькон есімде қалыпты. Өте жақсы, қуатты компания. Барлығын дәл сызба бойынша жасайтын. Оларда еуропалық материал болған жоқ, өздерінікімен жасады. Сапалы орындады».

400 технологиялық Жабдықтар ірі зауыттарда шығарылды: Rolle көптонналы реакторлары (Италия), Brown Fintube Company зауытының жылуалмастырғыштары (АҚШ), CIMTAS (Түркия), Daekyung Machinery & Engineering Co.Ltd (Оңтүстік Корея), Sandvik фирмасының кешенді жабдығы (Германия), Samyoung Corporation фирмасының ауамен салқындату аппараттары (Оңтүстік Корея), жапон зауыттарында шығарылған Mycom және Mitsui Engineering &Shipbuldiing компрессорлары және т.б. Қазақстандық зауыттар да жабдықтарды тапсырыс берушінің талабына толық сай етіп жеткізді. Петропавл ауыр машина жасау зауытының жылуалмастырғыштары, «СП Белкамит» АҚ сыйымдылықтары, Кентау трансформатор зауытының трансформаторлары мен «Имсталькон» ААҚ (Алматы) металл конструкциялары жаңа қондырғыларға уақытында орнатылды.

Зауыттарды таңдаудағы негізгі критерий жұмыс тәжірибесі, сапа және жабдықтарды жасау мерзімі болды.

Мәре сызығы

2005 жылғы қыркүйекте бас мердігер Солтүстік Донецк ОРГХИМ және зауыт мамандарымен бірге іске қосу алдындағы жұмыстарға кірісті.

Іске қосу-баптау кезеңі оңай болған жоқ. Мамандардың айтуынша, уақыттың көбі сыйымдылық жабдықтарын, құбырларды бөгде заттардан тазартуға кеткен. Соның кесірінен сорғыларды іске қосуда біраз мәселе туындапты. Қапталдық тығыздықтарға да мін тағылды. 2006 жылғы мамырда іске қосу алдындағы дайындық жұмыстары толық орындалды.

12 мамырда жапон реконструкциясы шеңберінде салынған жаңа қондырғыларды іске қосуға арналған салтанатты шара өтті.

Ресми шарадан соң жұмыс комиссиялары бірқатар кемшілікті анықтап, олар Мемлекеттік қабылдау комиссиясы өз жұмысын бастағанға дейін түбегейлі жойылды. Бас мердігер қондырылған және монтаждалған жабдықтардың бәріне кепілдік берді (18 ай). Қыркүйекке таяу жаңа жабдықтың барлығы алғашқы сынақтан өтті.

2006 жылғы 22 қыркүйекте Мемлекеттік қабылдау комиссиясы «АМӨЗ реконструкциясы» жобасының нысандарын пайдалануға қабылдап алу актіне қол қойды.

«Түбегейлі тапсыру» шартымен жасалған келісім аясында 35

айдың ішінде жобаланған, жеткізілген және салынған қондырғылар:

- бензин және дизель отынын сутекпен тазартуға арналған құрамдастырылған қондырғы;
- күкірт шығару қондырғысы;
- сутек шығару және тазарту қондырғысы;
- баяу кокстеу қондырғысындағы аминді тазарту блогы. Ол қондырғыдан шығатын газдан күкіртті сутекті бөліп алуға арналған. Сондай-ақ қолданыстағы және жаңа қондырғыларды орталық басқару ғимараты;
- қолданыстағы АТ-2 қондырғысы қайта жаңартылды.

Реконструкция жұмыстарының басты нәтижесі – «түбегейлі тапсыру» келісімшартының экологиялық құрамдасы. Аймақта алғаш рет ақаба суды биологиялық тазарту бекеті салынып, пайдалануға берілді.

«АМӨЗ реконструкциясы» жобасын жүзеге асырудағы нәтиже:

- К2 экологиялық класының талаптарына сай автомобиль бензиндерінің өндірісі;
- Премиум-95 және Супер-98 бензиндері өндірісінің жолға қойылуы;
- К3 экологиялық класына сәйкес келетін дизель отынын шығару;
- депрессорлы-диспергерлеу қоспаларынсыз қату температурасы–350С экологиялық таза қысқы дизель отынын шығару;
- сутекпен тазартылған ТС-1 реактивті отынын шығару.

2003-2006 жылдардағы «АМӨЗ реконструкциясы» жобасы жергілікті және шетелдік мамандардың қазақстандық мұнай өңдеу саласын модернизациялаудағы табысты ынтымақтастығына бастау болды. Бұл Қазақстан мұнай өңдеу зауыттарын жаңартудағы «алғашқы қарлығаш» еді. Қазақстан, жапон және түрік құрылысшылары мен жобалаушыларының, технологтардың, механиктердің, энегетиктердің және басқа да мамандардың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, етене еңбек еткенінің арқасында жоба жоғары деңгейде өз уақытында іске асты. Жоба күрделі бола тұра, атына айтарлықтай сын болған жоқ.

Бұл жобаны жүзеге асыруға Ғ.Ж. Амантурлин., С.А.Мералиев, Т.А.Байтазиев, Д.С Тиесов, О.А. Лызлов, Қ.Қ.Оразбаев, А.Қ. Қайрденов, С.Ф.Немцев, Р. Нығмет, Н.Ж Есенова, Н.А.Щербакова, Д.В.Козырев, Р.Ж Жанғабылов, Б.Х. Исабаева және басқалары зор еңбек сіңірді.



Құрылыс жөніндегі теле-президент В.А.Сердюктің төрағалығымен АМӨЗ-ді қайта жаңғырту мәселелері бойынша жиналыс өтуде. 1998 жылғы 5 қараша



«АМӨЗ» ААҚ президенті В.В.Гафнердің Атырау қаласында өткен көрмеде ҚР Премьер-министрі Н.Ө.Балғымбаевқа стендті таныстырып тұрған сәті. 1998 жыл



Атырау облысы әкімдігінде АМӨЗ-ді қайта жаңғырту мәселелерін талқылау жөнінде өткен жиналысқа қатысушылар.
Солдан оңға қарай: В.В. Гафнер, Б.Б. Бисембаев, И.Н. Тасмағамбетов, Юкио Ниихо, Г.Ж. Амантурлин. 1999 жылғы 18 шілде



«Қазақойл» АҚ президенті Н.Ө.Балғымбаевтың АМӨЗ-ге сапары.
Солдан оңға қарай: Ғ.Ж. Амантурлин, Б.Б. Бисембаев, Н.Ө. Балғымбаев, Юкио Ниихо, М.Д. Батырбаев. 1999 жылғы 12 қазан



Нұрлан Өтепұлы БАЛҒЫМБАЕВ

Қазақстанның мемлекет қайраткері. ҚР Мұнай және газ өнеркәсібі министрі (2004-2007), «Қазақойл» ҰМК президенті (03.1997 – 10.1997, 1999-2002) ретінде мұнай саласының, соның ішінде АМӨЗ-дің де жаңару жолының бастауында тұрды. Нұрлан Өтепұлының арқасында 2003-2006 жылдардағы «АМӨЗ реконструкциясы» жобасы іске асырылып, кәсіпорынның «екінші тынысы» ашылды.

I және II дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері.



ҚР Премьер-министрінің орынбасары И.Н.Тасмағамбетовтің Жапонияға сапары барысында АМӨЗ-ді қайта жаңғырту мәселелері талқыланды. Токио, 2001 жылғы 17 ақпан





Сәдуохас Аташұлы Мералиев

Зауыт тарихындағы ең жас бас инженер. Ол мұндай жоғары лауазымға 28 жасында тағайындалған. С.А.Мералиев Қазақстандық мұнай өңдеу мен мұнай-химия модернизациясының бастауында болды. Оның жетекшілігімен инвестициялық жобалар сәтті жүзеге асырылды.

«Құрмет» орденінің иегері.



Солдан оңға қарай: АМӨЗ бас инженері О.А.Лызлов, АМӨЗ жаңа жобалар тобының жетекшісі В.И.Лепский. 2000 жылғы 21 сәуір



EPC-келісімшартқа қол қою рәсімі 2001 жылғы 5 желтоқсанда өтті.
Құжатқа «Қазақойл» Ұлттық компаниясы» АҚ президенті Нұрлан Балғымбаев пен «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ААҚ президенті Ғалымжан Амантурлин, Marubeni корпорациясы энергетика және химия жобалары департаментінің бас менеджері Шигеру Муто,
JGC сату басқармасының басқарушы директоры, аға бас менеджер Кадзуо Ямага қол қойды





Ғалымжан Жыршыбекұлы АМАНТУРЛИН

1999-2002 және 2016-2019 жылдардағы зауыт басшысы. Оның жетекшілігімен 2000-ыншы жылдардың басында зауытты қайта жаңғырту жұмыстары бастау алып, 2018 жылы мәресіне жетті. Ғ.Ж.Амантурлин зауыттағы үш модернизациялық жобаның сәтті іске асуына айрықша еңбек сіңірді.

«Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері.



ҚР Премьер-министрі Қасым-Жомарт Тоқаев АМӨЗ ұжымымен бірге. 1999 жыл



«АМӨЗ реконструкциясы» жобасы аясындағы нысандар құрылысының алғашқы кірпішін қалау салтанатына қатысушылар. 2011 жылғы желтоқсан



2003 жылғы қарашада құрамдастырылған қондырғының бензин секциясының құрылыс алаңына қадалар қағыла бастады



Қада қағу жұмыстары. 2003 жылғы желтоқсан.



Сергей Сергеевич ШИШЛОВ

1984-1986 жж. және 2002-2004 жылдарда зауыт директоры лауазымында қызмет етті. КСРО мұнай өңдеу тарихындағы ең жас директор. Басшылыққа 35 жасында келген. Қызметкерлерге сыйақы төлеу жүйесін енгізген. Оның белсенді қатысуымен жапондық Marubeni компаниясымен бірлескен АМӨЗ-ді қайта жаңғырту жұмыстары бастау алды.



Қондырғы құрылысы.
2004 жылғы 11 маусым



2004 жылғы 19 шілдеде жаңа нысандардың алғашқы таныстырылымы – изомерлеу реакторының монтажы көрсетілді. Шараға Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Тошио Цунозаки қатысты.



«ҚазМұнайГаз»ҰҚ» АҚ атқарушы директоры Ғ.Қ.Кешубаев (суретте сол жақта) өз сөзінде: «... АМӨЗ реконструкциясы Қазақстанның индустриялы-инновациялық қызметі саласындағы маңызды жобалардың бірі саналады»,- деп атап өтті. Суреттің оң жағында А.Қ.Қайрденов. 2004 жылғы 19 шілде



Бағанды монтаждау. 2004 жылғы шілде



Қондырғы құрылысы. 2004 жылғы 15 шілде



Құрылыс жұмыстары. 2004 жылғы 27 тамыз



Ұзақбай Сүлейменұлы ҚАРАБАЛИН

Қазақстанның мемлекет қайраткері. «ҚазМұнайГаз» ҰМК (2003–2008), ҚР мұнай және газ министрі (2013–2014) ретінде мұнай саласының, соның ішінде мұнай өңдеудің стратегиялық дамуын айқындады. Оның жетекшілігімен АМӨЗ-ді жаңартудың бірінші кезеңі аяқталып, зауытта мұнай химиясын дамытуға бағытталған жұмыстар бастау алды.

«Қазақстанның Еңбек ері» атағының, III дәрежелі «Барыс» және «Құрмет» ордендерінің иегері.



Бензинді сутекпен тазарту және дизель отынын парафинсіздендіру қондырғысындағы құрылыс-монтаж жұмыстары. 2004 жылғы қыркүйек



Жабдықтар құрылыс алаңына жеткізілуде. 2004 жылғы 12 қыркүйек



ҚазМұнайГаз, АМӨЗ, Marubeni және JGC басшыларының тоқсан сайынғы кездесуіне қатысушылар. 2004 жылғы 4 сәуір



Эрик Михайлович ЮГАЙ

Ұзақ жылдар бойына зауыттың механикалық қызметін басқарды. Еңбек жолын 1972 жылы 2-цехта тұрба компрессорларының машинисі болып бастап, цехтың аға механигі болып жұмыс істеді. Одан кейін бірнеше жыл химия зауытында басшылық қызметтерде болды. 2003 жылғы мамыр мен 2013 жыл аралығында АМӨЗ-дің бас механигі лауазымында еңбек етті.

Энергетика министрлігінің, «ҚазМұнайГаз»ҰҚ»АҚ-ның Құрмет грамоталарымен марапатталған.



JGC компаниясының жетекшілері мен мамандары. 2004 жылғы 18 қазан



АМӨЗ, ҚазМұнайГаз және Marubeni мамандары Токиода. 2004 жылғы желтоқсан



Бензинді және дизельді сутекпен тазарту қондырғысының құрылысы аяқтала келді. 2004 жылғы 27 ақпан



Құрылысты механикалық аяқтау рәсімі. Жапондық Marubeni және JGC компаниялары «түбегейлі тапсыру» келісімі аясындағы міндеттемелерді уақытында орындағанын растады. 2006 жылғы 16 ақпан



ҚазМұнайГаз, Marubeni және JGC жетекшілері 2006 жылғы 16 ақпанда өткен салтанатты шарада.



Бензин мен дизель отынын сутекпен тазарту қондырғысы реакторының болттарына арналған символикалық бұрауыш кілт JGC компаниясының менеджері Масаюки Саито мен «ҚазМұнайГаз» вице-президенті М.Д. Батырбаевтың қолында. 2006 жылғы 16 ақпан.



Бензин мен дизель отынын сутекпен тазарту қондырғысы реакторының болттарына арналған символикалық бұрауыш кілт «ҚазМұнайГаз» Сауда үйі» АҚ бас директоры Д.Т. Сүлейменов пен Атырау мұнай өңдеу зауытының бас директоры Т.А. Байтазиевтің қолында. 2006 жылғы 16 ақпан



Түркиялық GATE компаниясының басшылары. 2006 жылғы 16 ақпан



Бензин және дизель отынын сутекпен тазартуға арналған құрамдастырылған қондырғы. 2006 жылғы мамыр



Бензин және дизель отынын сутекпен тазартуға арналған құрамдастырылған қондырғы. Ол автомобиль бензиндерінің жоғары октанды компонентін және құрамында күкірті аз, қатуы баяу дизель отынын шығаруға мүмкіндік береді. 2006 жылғы мамыр



Технологиялық қондырғылардан шығатын газдар мен қышқыл ақабадан күкіртті бөліп алуға арналған қондырғы. Енгізілген технологияның арқасында қоршаған ортаға күкірттің таралуы минимал деңгейге жеткізілді. 2006 жылғы мамыр



Жаңа қондырғыларға арналған сутек алуға мүмкіндік беретін сутек өндіру және тазарту қондырғысы. 2006 жылғы мамыр



Ақаба суды биологиялық тазарту қондырғысы. 2006 жылғы мамыр



Алау шаруашылығы



АМӨЗ ұжымы «АМӨЗ реконструкциясы» жобасы шеңберінде салынған нысандарды іске қосуға арналған ресми шарада. 2006 жылғы 12 мамыр




Талғат Алтыбайұлы БАЙТАЗИЕВ

«АМӨЗ» ЖШС-ін 2004-2012 жылдар аралығында басқарды. Оның жетекшілігімен 2003-2006 жылдардағы «АМӨЗ реконструкциясы» жобасы сәтті аяқталды. «АКШК құрылысы», «МТӨК құрылысы» инвестициялық жобалары бастау алды. Әлеуметтік салаға тың серпін берілді. Зауыттықтарға арналған 4 көп пәтерлі тұрғын үй және коттедж қалашығы, балалар комбинатына 100 орындық жапсаржай салынды.

«Құрмет» орденінің иегері.



Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Тецуо Ито АМӨЗ-ді қайта жаңғырту жобасының Қазақстан-Жапон қарым-қатынасының нығаюына зор ықпал етеріне сенімін білдірді. 2006 жылғы 12 мамыр



Қызыл сызықпен белгіленген аймақта «АМӨЗ реконструкциясы» жобасы аясындағы жаңа нысандар салынған. 2006 жылғы 27 мамыр



АМӨЗ ұжымы 2006 жылғы 12 мамырдағы салтанатты рәсімде



Жапондық JGC компаниясы ұжымы Жапонияның Қазақстандағы елшісі Тецуо Итомен бірге. 2006 жылғы 12 мамыр



АМӨЗ қызметкерлері 2006 жылғы 12 мамырда өткен салтанатты рәсімде. Солдан оңға қарай: Г.Г. Яшков, И.И. Юрчук-Колосовский, Т.И. Бекесов, С.М. Смағұлов, С.Д. Жұмағазиев.



«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының басшысы Ұзақбай Қарабалин Арман Қайрденовті Құрмет грамотасымен марапаттады. 2006 жылғы 12 мамыр



JGC компаниясының менеджері Масаюки Сайтоға «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ Құрмет грамотасы табысталды. 2006 жылғы 12 мамыр



Мемлекеттік қабылдау комиссиясының мүшелері АМӨЗ мамандарымен бірге. 2006 жылғы 22 қыркүйек



Комиссия мүшелері зауыт аумағында болып, жаңадан салынған нысандармен танысып шықты. Комиссия төрағалығына ҚР ЭжМРМ вице-министрі Ләззат Кетебайұлы Қиынов тағайындалды. 2006 жылғы 21 қыркүйек



Мемлекеттік комиссия зауытта 2006 жылғы 20-23 қыркүйек аралығында жұмыс істеп, жобаның құжаттарымен, құрылыс және іске қосу барысымен танысты. Солдан оңға қарай: Масаюки Саито, Ж.А. Құлекеев, Л.К. Қиынов және С.А. Мералиев. 2006 жылғы 22 қыркүйек



Қанат Қабденұлы ҚАБДЕНОВ

Ондаған жыл бойына кадр және әлеуметтік қызметке жетекшілік етті. Зауытқа маман даярлау мәселесімен айналысты.

ҚР Энергетика министрлігінің, Қазақстан және АМӨЗ Кәсіподақ федерацияларының медаль, төсбелгілерімен марапатталған.




«АМӨЗ реконструкциясы» жобасы нысандарын пайдалануға қабылдау жөніндегі Актке қол қойылды. 2006 жылғы 22 қыркүйек



Зауыт басшылығы «АМӨЗ реконструкциясы» жобасы шеңберінде салынған нысандарды пайдалануға қабылдау жөніндегі жиналыста. 2006 жылғы 21 қыркүйек



«МӨМӨТК» өндірісінің ұжымы, 2011 жыл
Бірінші қатарда солдан оңға қарай: С.А. Карабасов, Ж.Н. Төлеуов, С.Д. Бисалиев, А.А. Гордеев.
Екінші қатарда солдан оңға қарай: Е.М. Бердиев, А.Б. Сахауов, П.К. Сармин, А.Р. Ермышев, Б.И. Сисенов, С.К. Ізмұхамбетов.
Үшінші қатарда солдан оңға қарай: Н.С. Сарниязов, М.К. Қосыбаев, С.З. Құспанов, Р. Қабдолов, Б.М. Жандауов, А.О. Котков, М.Н. Зинуллиев, Р.Р. Зелетдинов



АМӨЗ экология және қауіпсіздік техникасы департаментінің директоры Абдулла Бикбаев және баспасөз қызметінің жетекшісі Елена Есенова Marubeni компаниясының қызметкерлерімен бірге Алматыда өткен «Мұнай және Газ» халықаралық көрмесінде. 2007 жылғы қазан



Геннадий Георгиевич ЯШКОВ

АМӨЗ-ге еңбегі сіңген ардагер. Ұзақ жылдар өндірісте жұмыс істеді, экология қызметін басқарды. Зауытта 50 жылдан астам еңбек еткен.

«Құрмет белгісі» орденінің иегері.





80

ЖЫЛ

АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

4

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

АРОМАТИКАЛЫҚ КӨМІРСУТЕКТЕР ШЫҒАРУ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ




LIEBHERR
1300
LIEBHERR

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

АРОМАТИКАЛЫҚ КӨМІРСУТЕКТЕР ШЫҒАРУ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қазандағы №989 Қаулысына сай, көмірсутек шикізатын терең өңдеу бойынша әлемдік деңгейдегі мұнай-химия кешендерін құру, экспортқа қосылған құны жоғары мұнай-химия өнімдерін шығару мақсатында «Қазақстанда әлемдік деңгейдегі мұнай-химия кешендерін қалыптастыру және қазақстандық алғашқы мұнай-химия кешенін құру шараларының жоспары» бекітіліп, онда ҚР ЭжМРМ мен «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ-на Атырау мұнай өңдеу зауытында бензол шығару жобасын уақытылы іске асыру тапсырылды.

Серіктес таңдау

«АМӨЗ базасында бензол шығару» жобасының бастапқы техникалық-экономикалық негіздемедесін жапондық Cosmooil және Marubeni корпорациялары 2006 жылғы сәуірде жасады. Бірінші кезеңде екі жоба болды: бензол шығару кешені (I фаза) және ароматикалық көмірсутектер шығару кешені (II фаза). Бұл екі жоба 2008 жылғы маусымға дейін ТЭН жасақтау, құжаттамаларды ресімдеу және келісу, бас жобалаушыны таңдау сияқты түрлі процедурадан екі бөлек өтті. Арада екі жыл өте «ҚазМұнайГаз» Сауда Үйі» АҚ инвестициялық комитеті инвестиция тартуға және басқаруға қолайлы болуы үшін қос жобаны біріктіруге шешім қабылдады.

2008 жылғы шілдеде ҚазМұнайГаз жапондық Marubeni – JGC консорциумына және қытайлық Sinopec Engineering корпорациясына техникалық және қаржылық құжаттаманы ұсыну, әлеуетті стратегиялық серіктестерден нақты коммерциялық ұсыныстар алуды қамтамасыз ету, қарызға қаражат тартылған жағдайда міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында «АМӨЗ» ЖШС пайдасына қаржылық кепілдік алу жәйін қарастыру туралы шешім қабылдады.

2009 жылғы қыркүйекте АКШ кешені құрылысына тендер өтіп, оған жапондық және қытайлық компаниялар қатысты. Бас жобалаушы «Омскнефтехимпроект» (Ресей) берген қорытындыға сәйкес, Sinopec Engineering компаниясы ұсынылды.

2009 жылғы 29 қазанда Атырау МӨЗ бен қытайлық Sinopec Engineering компаниясы АКШ кешенін салу бойынша «түбегейлі тапсыру» келісімшартына қол қойды. Құрылыс мерзімі 2009-2013 жылдарға жоспарланды. Іске қосудың директивалық мерзімі – 2013 жылғы желтоқсан.

2010 жылғы 30 шілдеде Астанада «Ароматикалық көмірсутектер шығару кешенінің құрылысы» инвестициялық жобасын іске асыру аясында «Қазақстан Даму Банкі» АҚ мен «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС арасындағы бас несие келісіміне қол қойылды. Келісім шеңберінде ҚДБ Атырау зауытына 13 жыл мерзімге 1 063 миллион АҚШ доллары көлемінде несие берді. Жобаның жалпы құны – 1 329 миллион АҚШ доллары.

«Sinopec Engineering — Қытайда ғана емес, әлемдік масштабтағы ірі компанияның бірі саналатын SINOPEC корпорациясының еншілес ұйымы. Жобаның жетекшісі болып бірнеше ірі жобада тәжірибе жинап үлгерген маман, болашағы зор менеджер Чжен Фуцян тағайындалды. Қосалқы мердігер ретінде үндістандық мамандар жетекшілік еткен қазақстандық «ҚазҚұрылысСервис» компаниясы таңдалды. Ол компаниядан жоба менеджерлігіне тәжірибелі жетекші Правин бекітілді, - дейді Нұрлан Қойшыұлы Кейкин. *– Бұл қытайлық компания үшін Қазақстандағы алғашқы жұмыс тәжірибесі болды. Жобаны жүзеге асырудың бастапқы кезеңдерінде мұның кері әсері сезілді. Sinopec қазақстандық стандарттарды, нормалар мен ережелерді жетік білген жоқ. Олармен жұмыс құжаттамаларын «нөлден» бастап жасақтауға тура келді. АМӨЗ жобаның кестесінен қалыс қалмау үшін мамандар тобын Sinopec Engineering компаниясының бас кеңсесіне іссапарға жіберіп, мердігерге көмек берді. Қытайлық жобалаушылар бетпе-бет келген бірінші қиындық осы болды. Бұл ақырында АКШ*

кешенін пайдалануға беру мерзімін өзгертуге себеп болды».

Лицензиарлар

Кешенді шартты түрде ғана қытайлық деуге болады. Жобада өндірістік кәсіпорындарда мойындалған сенімді технологияларды қолдану мүддесі алға қойылды. Екі негізгі технологиялық қондырғыны қамтитын «АКШК құрылысы» жобасының технологиялық лицензиары ретінде ең жоғарғы экологиялық қауіпсіздікке кепіл болған француздық Axens компаниясы таңдалды.

Бензолды бөліп алатын блогы бар каталитикалық риформинг қондырғысы (мұны CCR деп те атайды, ағылшын тіліндегі Continuous Catalyst Regeneration атауының аббревиатурасы) екі негізгі технологиялық процестен тұрады: катализатор регенерациясы үздіксіз каталитикалық риформинг процесі – Octanizing™ және ароматикалық көмірсутектердің экстрактивті дистилляциясынан кейін бензол алынатын Morphylane® процесі.

Ароматикалық көмірсутектер шығару қондырғысы – ParamaX қондырғысы (қысқартылған атауы – PX), мұнда 3 процесс жүреді – параксилол бөлу (Eluxyl®), этилбензолды деалкилдеу және ксилолдарды изомерлеу (XyMaxsm) және толуол мен ауыр ароматикалық көмірсутектерді трансалкилдеу процесі (TruasPlus™).

Ароматикалық көмірсутектер шығару кешенінің сызбасы өте икемді және максимал көлемде жоғары октанды бензин шығаруға немесе қосымша жылына 133 мың тоннаға дейін бензол, 496 мың тоннаға дейін параксилол шығаруға мүмкіндік береді. Жоба ароматикалық көмірсутектер, сонымен қатар экологиялық таза бензин өндірісін қамтамасыз етті. Бұрын біз автокөліктерден шығатын газбен бірге жұтып жүрген канцерогенді заттар енді мұнай-химия шикізаты ретінде бөлініп алынады. Бүгінде Атырау мұнай өңдеу зауытында шығарылатын бензин құрамындағы бензол мөлшері 1%-дан аспайды.

Құрылыс

2010 жылғы 1 қазанда Sinopec Engineering қазақстандық компаниялармен бірге зауыттың құрылыс алаңдарындағы жұмысына кірісті. Алаңдардың жалпы саны – 33.

Технологиялық қондырғылар 1945 жылдан бері қолданылып келген ескі өндіріс нысандарының орнына салынды. 2010 жылғы қазаннан 2011 жылғы наурызға дейін қазақстандық «ҚазҚұрылысСервис» МГҚК» АҚ, «Сер-Тілек Сервис» ЖШС, «ТрансСтройИнжиниринг» ЖШС және «ЗС СИ» ЖШС компаниялары демонтаж жұмыстарын жүргізді. АКШ қондырғыларын салу үшін 13 000 м3 болатын 8 ескі мұнай қазаны сүрілді. Бензолды бөліп алатын блогы бар каталитикалық риформинг қондырғысы бензинге арналған ескі қазан паркінің және екі ашық типті сорғы бекетінің орнына бой көтерді.

2011 жылғы наурыздың аяғында алғашқы қада қағылды, ал олардың жалпы саны 17 мыңнан асады. Бұл жұмысты Sinopecтің қосалқы мердігері Caspian Construction Company Limited жасады. Құрылыс барысында PX қондырғысында 6 112, CCR қондырғысында 11 182 дана қада қағылды. PX-те орнатылған 19,5 мың м^3 -тен астам, CCR-дағы 51 мың м^3 -нан астам темір-бетон конструкцияны монтаждауға көптеген қазақстандық компания қатысты. PX қондырғысында 5 мың тоннадан астам, ал CCR-да 26,5 мың тоннадан астам металл конструкция орнатылды. PX қондырғысында 3 227 тонна немесе 244 шақырым, ал CCR -да 4 180 тонна немесе 310 шақырым құбыр тартылды.

Айлапат құрылыс алаңында 4000-нан астам еңбек етті. Оның қатарында Sinopec компаниясының 1000 жуық жұмысшысы да бар. 499 ірі габаритті жабдық орнатылды.

«Қазақстанның мұхитқа тікелей шығатын мүмкіндігі болмағандықтан ел аумағында шығарылмайтын ірі габаритті жабдықтарды жеткізу қиын болды, — дейді Н.Қ. Кейкин – *Осы жағдайды ескере отырып, ең үлкен бағанды (диаметрі - 8,2 м, биіктігі – 105 м) құрылыс алаңында құрастырамыз деп шешім қабылдадық. Бұл Қазақстанда ірі жабдықты құрастыру және орнатудағы ең алғашқы тәжірибе еді».*

Ірі габаритті жабдықтар негізінен Оңтүстік Корея, Қытай және Германиядан келді. Олар теңіз, теміржол және автомобиль көліктерімен тасымалданды. Басқа да жабдықтар Италия, Франция, Швеция, Ресей, Жапония, Австрия, Түркия, Үндістанда жасалынды.

Кешен құрылысының механикалық бөлігі 2014 жылы аяқталды. Құрылыс кезінде қиындық аз болған жоқ. Жобаны жүзеге асыру мерзіміне әсер еткен себеп те жеткілікті еді.

Пайдалануға беру

Ішкі нарықты жоғары октанды бензинмен қамтамасыз ету мақсатында АКШ жобасы екі іске қосу кешені бойынша жүзеге асырылды: біріншісі – отындық нұсқадағы катализаторды үздіксіз регенерациялау жүйесі және бензолды бөліп алуға арналған блогы бар каталитикалық риформинг қондырғысы, екіншісі – мұнай-химия нұсқасы бойынша ароматикалық көмірсутектер шығаратын қондырғы.

Бірінші іске қосу кешені 2015 жылы каталитикалық риформинг қондырғысынан сынама әдісі бойынша октан саны 103 болатын тұрақты риформаттың алғашқы партиясы алынғаннан кейін пайдаланудың қалыпты режиміне шығарылды. Сол жылы бензиннің алғашқы партиясы алынды.

Ароматикалық көмірсутектер қондырғысындағы іске қосу-баптау жұмыстары аяқталып, қондырғы технологиялық режимге шығарылған соң 2015 жылғы 2 қазанда параксилолдың алғашқы партиясы алынды. Жаңа кешенде білікті мамандарға арналған 277 жұмыс орны құрылды.

2015 жылғы қарашаның соңы мен желтоқсанның алғашқы күндерінде АМӨЗ-де Мемлекеттік қабылдау комиссиясы ароматикалық көмірсутектер шығаратын кешенді пайдалануға қабылдау бойынша жұмыстар жүргізді. 4 желтоқсанда Мемлекеттік комиссия төрағасы – ҚР Энергетика министрілігінің мұнай-газ химиясы

өнеркәсібін дамыту және техникалық реттеу департаментінің директоры Асхат Хасенов қабылдау актісіне қол қойды.

Екінші іске қосу кешенінің жалпызауыттық шаруашылық нысандарын қабылдау актісіне 2015 жылғы 25 желтоқсанда қол қойылды.

Келесі жылдың 4 шілдесінде зауыт бензолдың алғашқы өндірістік партиясын экспортқа шығарды. Бұл отандық мұнай өңдеу тарихындағы елеулі оқиға еді. Нақ осы тұста сала дамуының жаңа кезеңі басталып, Қазақстан шикізат өңдеудің жоғары деңгейіне аяқ басты. Жоғары технологиялы жаңа сала – мұнай химиясының іргесі берік қаланды.

Paramax қондырғысын қабылдау актісіне 2016 жылғы 23 қыркүйекте қол қойылды.


Атырау МӨЗ қызметкерлерінің АКШК жобасын іске асырудағы еселі еңбегі елеусіз қалған жоқ. Зауыттың бірқатар қызметкеріне мемлекеттік және салалық марапаттар табысталды. Олардың қатарында Қ.Қ.Оразбаев, Н.Қ. Кейкин, Н.Ж.Есенова, Ю. Т. Милехин, М. Қ. Өтеғалиев, А. Х. Ғаббасов, Д. С. Макеев, О. А. Гущин бар.

Кешенді іске қосу-баптау жұмыстарына Д. В. Козырев, Е. Б. Сүлейменов, К. Ю. Шкодин, В. Г. Гацко, Б. Ж. Жандауов, П. К. Сармин, Д. Ю. Карпов, С. Н. Хлопцев және басқалары айрықша үлес қосты.

Отандық мұнай өңдеу саласындағы маңызы орасан, жоғары октанды бензин тапшылығын жоюға және қосылған құны жоғары мұнай-химия шикізатын шығаруға мүмкіндік беретін «АКШК құрылысы» жобасын жүзеге асыру жұмыстары Қазақстан Үкіметінің айрықша назарында болды.

Атырау мұнай өңдеу зауытында «ароматикалық көмірсутектер шығару кешенін салу» жобасының нәтижесі

- К3 класты автокөлік бензинінің жалпы өндірісі 1,5 есеге артты;
- жоғары октанды автобензин үлесі 47% -дан 100%-ға жетті, АИ-80 бензинін ішкі нарық сұранысына сай шығаруға мүмкіндік бар;
- экологиялық таза дизель отынының өндірісі 100%-ға жетті;
- қосылған құны жоғары бензол және параксилол өнімдерін шығару жолға қойылды.



Ароматикалық көмірсутектер шығару кешені құрылысының «түбегейлі тапсыру» келісімшартына қол қою. Қазақстан тарапынан «АМӨЗ» ЖШС бас директоры Т.А.Байтазиев, Қытай тарапынан Sinopec Engineering компаниясының бас директоры Чжу Хайсинг қол қойды. 2009 жылғы 29 қазан



Келісімге қол қойылғаннан кейінгі баспасөз мәслихаты Солдан оңға қарай: Чжу Хайсинг, Т.А.Байтазиев, Қ.Қ.Оразбаев, Н.Қ.Кейкин. 2009 жылғы 29 қазан



Қазақстанның Даму Банкінде қаржы-несиелік келісімге қол қою сәті. 2010 жылғы 30 шілде



«АМӨЗ» ЖШС күрделі құрылыс және қайта жаңғырту жөніндегі атқарушы директоры Нұрлан Кейкин (сол жақтан бірінші қатарда) шетелдік серіктестермен бірге. 2010 жылғы 21 шілде



Алғашқы қада қағу. 2011 жылғы 30 наурыз



CCR каталитикалық риформинг қондырғысының құрылыс алаңы



Бағанға және сөре ригеліне бетон құю жұмыстары. 2011 жыл



Орнатпалы бөлшектерді дайындау. 2011 жылғы қыркүйек



Қайыргелді Мақсұтұлы ҚАБЫЛДИН

Қазақстанның мұнай өнеркәсібіне еңбек сіңірген ардагер. «ҚазМұнайГаз» ҰМК бірінші басшысы (2008–2011) ретінде мұнай саласының, соның ішінде мұнай өңдеудің стратегиялық дамуын айқындады. Оның жетекшілігімен АМӨЗ-де «АКШК құрылысы» және «МТӨК» құрылысы инвестициялық жобалары жүзеге асырыла бастады.

II және III дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері.



Бағанды орнату



РХ қондырғысының түтін мұржасын құю және сөре бағанының арматурасын тоқу жұмыстары. 2012 жылғы 17 маусым



Данияр Сүйіншілікұлы ТИЕСОВ

АМӨЗ-дегі үш ауқымды модернизациялық жобаның іске асуына белсенді атсалысты. «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында болған кезінде АКШК және МТӨК жобаларына жетекшілік етті.

«Парасат» орденінің иегері.





Құрылыс алаңы. 2012 жылғы шілде



АКШ жабдықтарын монтаждау жұмыстары. 2012 жылғы тамыз



Арман Құрметұлы ҚАЙРДЕНОВ

АМӨЗ-дің 2012-2013 және 2021-2022 жылдардағы бас директоры. Еңбек жолын технологиялық қондырғы операторынан бастаған. Кейін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясында басшылық қызметтерде болды. Зауытты жаңарту жобаларын іске асыруға белсенді қатысты.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының Құрмет грамоталарымен марапатталған.



ҚР Премьер-министрі Б.Ә.Сағынтаевтың АМӨЗ-ге сапары. 2013 жылғы ақпан



АМӨЗ бас директоры (сол жақтан екінші) А.Қ.Қайрденовтың АКШК құрылыс алаңдарын аралап жүрген кезі. 2013 жылғы наурыз



Құрылыс сатыларын орнату жұмыстары. 2013 жылғы наурыз



АКШК құрылыс алаңындағы қазанды беттік құрастыру жұмыстары



Технологиялық қондырғы құрылысы. 2014 жылғы 14 ақпан



Градирня қаптамасының қаңқасын құру жұмыстары. 2014 жылғы сәуір



Технологиялық қондырғының құрылысы. 2014 жылғы 8 сәуір



LPEC компаниясының бас директоры Чжоу Чэнгпиннің АМӨЗ-ге сапары. АКШК құрылыс алаңы. 2015 жылғы 9 ақпан



АМӨЗ, Sinopec және ҚҚС басшылары мен мамандары



SEG Group бас директоры Ян Шаочуннің зауытқа сапары. АКШК құрылыс алаңы. 2015 жылғы 26 мамыр



АКШК құрылысы департаментінің мамандары
Бірінші қатар (солдан оңға қарай): К.К. Қашмұханбетов, С.Н. Алиев, А.Д. Ерғалиев, М.К. Өтеғалиев, Е.Г. Валышев, Б.К. Темірбеков, Н.И. Құрмашев, П.А. Деревянченко.
Екінші қатар (солдан оңға қарай): Б.А. Есқалиев, Е.Е. Даумов, Ж.С. Түменшиев, Ж.С. Әлмұханов, В.В. Шолуха, А.А. Әбішев, Н.Т. Жұматаев, Б. Аюпов, М.С. Огай.



«ҚазҚұрылысСервис» компаниясы «АМӨЗ-дегі АКШК құрылысы» жобасының директоры Суклал Правиннің «Хабар» агенттігінің тілшісі Виктор Сутягинге сұхбат беріп тұрған сәті. 2014 жылғы 17 қаңтар



CCR каталитикалық риформинг қондырғысы



Қайрат Құлымұлы ОРАЗБАЕВ

Зауыттың 2013-2016 жылдардағы бас директоры. Операторлықтан бірінші басшы деңгейіне дейінгі еңбек жолын еңсерген. Мұнай министрлігінде және «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясында жұмыс істеген. Қайрат Құлымұлы зауытты кең ауқымды модернизациялау жобаларын жүзеге асыруға белсенді қатысты. Оның жетекшілігімен АКШ және МТӨ кешендері пайдалануға берілді.

«Құрмет» орденінің иегері.



CCR каталитикалық риформинг қондырғысы



2014 жылғы 25 желтоқсандағы Жалпыұлттық телекөпір кезінде каталитикалық риформинг қондырғысын іске қосу-баптау жұмыстары бастау алды. Сахнада солдан оңға қарай: «АМӨЗ» ЖШС директоры Қайрат Оразбаев пен Атырау облысының әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов



2014 жылғы 25 желтоқсандағы телекөпірге қатысушылар



«ҚҚС» компаниясының маманы геодезия жұмыстарын жүргізуде



Күрделі құрылыс және қайта жаңғырту басқармасы
Солдан оңға қарай: басқарушы директор Н.Қ.Кейкин, басқарушы директордың орынбасары Н.Ж.Есенова, «ҚҚС» компаниясы АКШ жобасының директоры Суклал Правин, АКШК және МТӨК жабдықтарын жиынтықтау және қабылдау департаментінің директоры А.Х.Ғаббасов. 2014 жыл



SEG Group (ҚХР компартиясы) бас хатшысы АМӨЗ-ге сапары. АКШК құрылыс алаңы. 2015 жылғы 5 мамыр



Денис Вениаминович КОЗЫРЕВ

АМӨЗ-дегі еңбек жолында операторлықтан бас инженер лауазымына дейін жеткен. Жапон реконструкциясы кезінде салынған қондырғыларды, ароматикалық көмірсутектер шығару және мұнайды терең өңдеу кешендерін іске қосу және игеруге қатысқан. «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ және ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.



Нұрлан Қойшығұлы КЕЙКИН

2009-2018 жылдарда күрделі құрылыс және қайта жаңғырту жөніндегі басқарушы директор лауазымында қызмет атқарды. Екі инвестициялық жоба – «АКШК құрылысы» және «МТӨК құрылысы» Н.Қ.Кейкиннің тікелей жетекшілігімен жүзеге асты.



Солдан оңға қарай: заң департаментінің директоры А.Д.Рахманов, бас инженер Д.В.Козырев, қондырғы басшысы П.К.Сармин, АКШ басшысы В.Г.Гацко. 2015 жылғы 3 шілде



РХ ароматикалық көмірсутектер шығару қондырғысы



Қазақстандық алғашқы бензол



Суклал Правиннің жемісті еңбек жолы жайында үндінің «Дешьтута» газетінде маратхи тілінде жарық көрген мақала



Нұржамал Жоламанқызы ЕСЕНОВА

Ұзақ жылдар мұнай-химия жобаларын басқару департаментінің директоры, күрделі құрылыс және қайта жаңғырту жөніндегі басқарушы директордың орынбасары болып еңбек етті. «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен, «Құрметті құрылысшы» төсбелгісімен марапатталған.



Ароматикалық көмірсутектер шығару кешенінің панорамалық суреті



2015 жылғы 3 шілдеде АКШ бірінші іске қосу кешенінде бензолдың тәжірибелік партиясы, ал 2015 жылғы 2 қазанда екінші іске қосу кешенінде параксилолдың алғашқы партиясы шығарылды. Бұл Атырау мұнай өңдеу зауытындағы «АКШК құрылысы» жобасының аяқталғанының белгісі еді. 2015 жылғы 4 желтоқсанда Мемлекеттік қабылдау комиссиясы бірінші іске қосу кешенінің Актіне қол қойды.



2016 жылғы 4 шілдеде бензолдың алғашқы өндірістік партиясы экспортқа шығарылды. Роттердамдағы Saybolt халықаралық аккредиттеу зертханасы АМӨЗ-де шығарылған бензол сапасын жоғары бағалады. Өнім сапасы 2016 жылғы маусымда тәуелсіз орган – «Ұлттық ЭкС» Атырау бөлімшесі тарапынан да расталды. Нәтижесінде Атырау мұнай өңдеу зауыты №KZ2310317.01.01.04289 «Тазартылған бензол-545» сәйкестендіру сертификатын иемденді.



Бензол тиелген алғашқы эшелон



Атырау облысының әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов зауыттықтарды ароматикалық көмірсутектер шығару кешені құрылысының аяқталуымен құттықтауда. 2015 жылғы 4 қазан



АКШ кешені құрылысының аяқталуына арналған салтанатты рәсім. Солдан оңға қарай: М.М.Мырзағалиев, Д.С.Тиесов. 2015 жылғы 4 қазан



АМӨЗ-дің құрметті қонақтары. 2015 жылғы 4 қазан



Салтанатты рәсімге қатысушы Sinopec және ҚазҚұрылысСервис компанияларының ұжымы. 2015 жылғы 4 қазан



АМӨЗ-дің құрметті қонақтары және «АКШК құрылысы» жобасына қатысушылар.
2015 жылғы 4 қазан
Солдан оңға қарай: Суклал Правин, Н. К. Кейкин, Ғ. Ж. Амантурлин, Ж. К. Жамауов, Б. Т. Шырдабаев, Т. Б. Байзақов



Асхат Хасенов АКШК бірінші іске қосу кешенін пайдалануға қабылдау Актіне қол қоюда. 2015 жылғы желтоқсан



АКШК бірінші іске қосу кешенін қабылдау жөніндегі жиналыс. 2015 жылғы желтоқсан



АКШК бірінші іске қосу кешені бойынша қабылдау жұмыстары. Солдан оңға қарай: ҚР Энергетика министрлігі мұнайгаз-химия өнеркәсібін дамыту және техникалық реттеу департаментінің директоры А.Ғ.Хасенов және басқарушы директордың орынбасары Н.Ж.Есенова. 2015 жылғы желтоқсан



Солдан оңға қарай: Чжен Фуцян, С.Буларов, А.Ғ.Хасенов және Н.Қ.Кейкиннің АКШК бірінші іске қосу кешенін пайдалануға қабылдау кезінде зауыт аумағын аралап жүрген сәті. 2015 жылғы желтоқсан



АКШК операторлары





Параксилолдың алғашқы партиясын цистерналарға құю. 2018 жылғы желтоқсан





Бензолдың 300 тонналық (5 цистерна) алғашқы партиясы «Құрық» паром кешенінен әзірбайжандық «Барда» паромы, одан әрі Әзірбайжан мен Грузия порттары арқылы ҚХР-ға жөнелтілді. 2018 жылғы желтоқсан







АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

5

БЕСІНШІ ТАРАУ

МҰНАЙДЫ ТЕРЕҢ ӨҢДЕУ КЕШЕНІ





БЕСІНШІ ТАРАУ

МҰНАЙДЫ ТЕРЕҢ ӨҢДЕУ КЕШЕНІ

«Мұнайды терең өңдеу кешенінің құрылысы» жобасы Қазақстанды үдемелі индустриялық-инновациялық дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында іске асты және Атырау мұнай өңдеу зауытын толықтай жаңартудың қорытынды кезеңі болды.

Жобаны жүзеге асыруға қатысқандар: «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ, «ҚМГ — өңдеу және маркетинг» АҚ, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС және «ОмскНефтеХим-Проект» ААҚ (Ресей).

Технологиялық шешімдер

МТӨК қондырғыларының технологиясын жасақтаушы ретінде француздық Axens компаниясы таңдалды. Оған S-Oil Corporation (Ульсан қ., Оңтүстік Корея) және GS Caltex Corporation (Йосу қ., Оңтүстік Корея) мұнай өңдеу зауыттарының жұмысына жасалған талдау нәтижелері негіз болды. Әлемдік деңгейдегі бұл компанияның қондырғыларды іске қосудағы тәжірибесі мол. Ал катализаторлары беріктігі мен белсенділігі жөнінен басым түседі. Бұл өз кезегінде реакторды салыстырмалы түрде төмен температурада пайдалануға мүмкіндік береді. Axens технологиясы қондырғы жабдықтарын зауыт аймағына шақтап орналастыруға да ыңғайлы еді. Атырау мұнай өңдеу зауытының шекарасы қатаң бекітілген. Сондықтан да жаңа кешенді сол аумаққа сыйдыру қажет болды.

Негізгі технологиялық шешімдер АМӨЗ-дің ароматикалық көмірсутектер кешенін қоса алғандағы қолданыстағы сызбасына мейлінше үйлестіріле отырып шығарылды. Кешен 12 технологиялық қондырғыдан тұрады. Олардың ішіндегі ең негізгісі — RFCC — мұнайдың ауыр қалдықтарын жеңіл көмірсутектерге айналдырып, әрі қарай кешеннің басқа қондырғыларына жіберетін каталитикалық крекинг қондырғысы.

МТӨК технологиясының тізбегі АМӨЗ-де бұған дейін іске асырылған жобалармен салыстырғанда әлдеқайда ауқымды.

Axens компаниясы лицензиар болған қондырғылар:

- сұйытылған газды тазарту қондырғысы (Sulfrex™ процесі);
- бутенді олигомеризациялау қондырғысы. Мұнда 2 процесс қарастырылған: қондырғы шикізатын тазарту (Alkyfining™ процесі) және полибензинді сутектендіру блогы бар олигомеризация қондырғысы (Polynaphtha™ процесі);
- нафтаны сутекпен тазарту қондырғысы (Naphtha HT™ процесі);
- газойлды сутекпен тазарту қондырғысы (Prime D™ процесі);
- каталитикалық крекинг нафтасын селективті сутектендіру қондырғысы (Prime G+™);
- каталитикалық крекингтің жеңіл нафтасын этерификациялау нафтасы (TAME™);
- бензолды сутектендіру қондырғысы (Benfree™);
- күкірт шығаратын құрамдастырылған қондырғы;
- каталитикалық крекинг қондырғысы (R2R™ процесі). Экологиялық қауіпсіздікті арттыру мақсатындағы түтін газын катализатор шаңы мен күкірт тотығынан (EDV™ процесі) және азот тотығынан (LoTOx™ процесі) тазартатын технологиялардың лицензиары — американдық BELCO компаниясы. Жеңіл нафта изомеризациясы қондырғысының лицензиары — (Parlsom™) — UOP(АҚШ). Сутек шығару және тазарту қондырғысының лицензиары — Amec Foster Wheeler компаниясы (Ұлыбритания).

Таңдалған лицензиардың кей процестердің технологиясын жасақтауға қатысы болмауы жағдайды біраз қиындатты. Олар Uhde және Linde (Германия), ExxonMobil (АҚШ), Technip (Ұлыбритания), Prosernat (Франция) технологияларын қолданды.

Консорциум

2011 жылғы 29 желтоқсанда «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС мен Консорциум арасында МТӨК кешені құрылысын «түбегейлі тапсыру» шартымен келісім жасалды. Консорциум құрамына Sinopec Engineering (ҚХР), Marubeni Corporation (Жапония) және «ҚазҚұрылысСервис» МГҚК» АҚ (ҚР) кірді. Консорциумға қытайлық компания жетекшілік етті.

Келісімшартқа қол қояр алдында жоба құнын анықтау, қаржы тарту, тендер өткізу, мердігерді таңдау сияқты ауқымды жұмыс

атқарылды. Осы мақсаттағы сансыз кездесу, кеңестер, талқылаулар, шешімдер қабылдау мен қорытындылар алуға шамамен бес жылға жуық уақыт кетті.

Келісімшарт жасалған кезде Marubeni-дің бас кеңсесінде секция басшысы болған Юджи Сукенари былай дейді: «Бұл 2010 жылы болатын. Қазақстан және Қытай тарабымен жыл жарым бойына келіссөз жүргіздік. Қытайлық компания Marubeni-дің Консорциумге тең құқылы мүше болғанын қалаған жоқ. МТӨК құрылысының жобасында мердігер ретінде ғана қарастырғысы келді. Бірнеше келіссөз болды. ККС компаниясына қатысты жағдай да дәл осындай болды».

Оның сөзін Marubeni корпорациясының менеджері Того Масахиро толықтырды.

— МТӨК жобасына жапон компаниясын қатыстыру ҚазМұнайГаз компаниясының қалауы еді. Біз JBIC-тен (Жапон Халықаралық ынтымақтастық банкі) жапондық өндірушілерден жабдық алуға несие қаражатын тарттырдық. Банктің өзінде қытайлық халықаралық ынтымақтастық банкімен консолидацияланған несие бойынша ешқандай тәжірибе болмаған. Кез келген сұрақ бойынша қытай мамандарымен келісімге келіп отырды. Бұл жапон премьер-министрі мен қытай жетекшісінің кездесуінде шетелде іске асқан жапон-қытайлық сәтті жоба ретінде жоғары баға алды.

Консорциумның үшінші мүшесі — бұған дейін Атырау мұнай өңдеу зауытында тәжірибе жинап үлгерген және жақсы қырынан көрінген қазақстандық «ҚазҚұрылысСервис» компаниясы.

Консорциум мүшелері жобалау, құрылыс және жабдықтар мен материалдарды жеткізу бойынша жауапкершілікті өзара бөліп алды.

МТӨК құрылысына Қытайдың Экспорттық-импорттық банкімен (EXIM) 1 130, 409 млн АҚШ долларына, Japan Bank for International Cooperation және Bank of Tokyo Mitsubishi UFJ -мен 297,5 млн АҚШ долларына, Қазақстанның Даму Банкімен 252,0 млн АҚШ долларына несие келісімі жасалды. Несиенің барлығы 13,5 жыл мерзімге берілді. Жобаның бастапқы құны — ККС-мен бірге 1 679,893 млн АҚШ доллары. Кейін оның құны 2 050, 1 млн АҚШ долларына жетті.

Құрылыс

2012 жылғы 20 желтоқсанда құрылыс алаңдарында жұмыс басталды. Технологиялық қондырғылар 12 алаңда салынды. Ал 26 алаңда зауытішілік шаруашылыққа тиесілі 40-тан астам нысан бой көтерді.

Құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру SEG пен ККС-тің мойнына жүктелді. SEG құрылыс-монтаждау жұмыстарына қытайлық құрылыс басқармаларын тартып, олардың әрқайсысы өздеріне бөлінген титулдар бойынша жұмыс істеді.

Жалпызауыттық шаруашылыққа қатысты 7 нысанның құрылысына да SEG жауапты болды.

Құрылысқа ҚХР-дан 1120 адам қатысты. Құрылыс басқармаларының міндетіне құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға қажетті материалдар мен қосалқы жабдықтарды жеткізу де кірді. Ал ірі көлемді жабдықтардың, компрессорлардың, сыйымдылықтар мен бағандардың, металл конструкциялары мен тұрбалардың тасымалымен SEG өзі айналысты.

Ал ҚҚС-ке күкірт шығаратын құрамдастырылған қондырғы мен жалпызауыттық шаруашылықтың 16 нысанының құрылысы жүктелді. Компания SEG-тің басшылығымен жергілікті сатып алу жұмыстарымен айналысты.

SEG те, ҚҚС-те құрылыс-монтаждау жұмыстарына 60 қазақстандық мекемені қосалқы мердігер ретінде тартты.

Құрылыстың ауқымдылығы соншалық, жаңа зауыт салынғаннан кем болған жоқ.

Алаңда 16 129 қада қағылды. 2 030 темірбетон бағаң,1 176 бағанның ішкі құрылғысы, 28 539,87 тонна металл конструкциясы, 22 800 дюйм газоөткізгіш, 173 093 дана электрик сөресі мен тіреу, 43 056 дана автоматика және бақылау-өлшеу аспаптарына арналған сөре-тіреулер, 110 406 кабель қорабы орнатылып, 984 807 дюйм технологиялық құбыр жүргізілді. МТӨК қондырғыларын өзара және зауыттың қолданыстағы нысандарымен байланыстыратын коммуникациялар ондаған шақырымға созылды. Бақылау-өлшеу аспаптарының сымдары — 1 444,17 км, инженерлік желілер — 57 857 желілік метр, күш кабельдері — 780 047 желілік метр. Инженерлік желілер шойын, болат және пластик құбырлардан жасалды. Қолданыстағы желілерге қосу 97 нүктеде орындалды.

МТӨК құрылысына 4000 адам жұмылдырылды. Оның 2860-ы — қазақстандық.

Құрылыс авторлық бақылау (ОмскНефтехимпроект) және техникалық бақылау тұрғысынан қадағаланды. Лицензиарлар инспекция жүргізіп, олардың тарапынан жасалған сын-ескертпе дереу арада түзетіліп отырды.

Бұдан бөлек, жоба шеңберінде көлік инфрақұрылымын жақсарту мақсатында 2 013, 67 метр теміржол салынды.

МТӨК бойынша қисыны келіңкіремеген жағдай көп болды. Соның ішіндегі ең бастысы — зауыт аумағына сыймауы. Екі жылдың ішінде жоба 6-7 дүркін қайта қаралып, ақырында зауыт шеңберіне сыятындай нұсқа жасалды. Ол үшін санитарлық-қорғаныс аумағын кеңейтіп, сол маңайдағы тұрғындарды көшіру қажеттілігі туындады. Бұл қазақстандық мемлекеттік органдармен арадағы ұзақ та күрделі келіссөздер процесі еді. Сол кезде ашық түсті мұнай өнімдерін құю қондырғысын эстакаданың, алау шаруашылығының және сұйытылған газ сақтайтын қойманың арғы жағына шығару жоспарланды.

Жабдықтарды жеткізу

Құрылысқа қажетті жабдықтар мен материалдарды жеткізуге консорциум құрамындағы барлық тарап бірдей атсалысты. Алаңға жалпы саны 1 345 ірі габаритті жабдық жеткізілді. Олардың қатарында қазандар, бағандар, компрессорлар, пештер, реакторлар мен жылуалмастырғыштар бар.

Сонымен қатар, 3 829 электр жабдығы, 21 486 бақылау-өлшеу аспабы, 9139 қосалқы жабдық, 52628 қақпақ, 279 549 фитинг пен шентемір, 684 қума метр құбыр жеткізілді.

Жабдықтар мен материалдар әлемнің әр түкпірінен әкелінді.

География өте ауқымды болды: Қытай, Оңтүстік Корея, Жапония, Германия, АҚШ, Үндістан, Қазақстан, Біріккен Араб Әмірліктері, Франция, Италия және Бельгия. Қытай жабдықтары өздерінің отандық және авторлық зауыттарынан жеткізілді.

Ірі габаритті жабдықтарды дайындауға алты қазақстандық зауыт қатысты. «Белкамит» өндірістік кәсіпорны реакторлар, бағандар мен қазандарды жеткізді. Ақтаудағы GMMOS және «Севон» компаниялары 32 қазан жасап шығарды. «АтырауНефтеМаш» зауыты 9 жабдық: диаметрі 6 метр, ұзындығы 38 метр болатын 2 хоппер, диаметрі 8 метр, ұзындығы 54 метрлік 1 хоппер (үшке бөліп жеткізді), 6 кіші габаритті қысымды ыдыстар бар. «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ қазандарды, «СВХИ» ЖШС қазандар мен реакциялық пештерге арналған түтін мұржасын жасады. Мұның бәрін зауыттар өз күшімен жобалап, жасап, зауытқа жеткізді.

Құрылыс материалына тапсырыстар (металл конструкциялары, электр сымдары т.с.с) Қазақстанның көптеген өңірін қамтып, барлығы 14 кәсіпорын тартылды.

Жабдықтарды сатып алудағы жергілікті үлес — 16% немесе 130,274 млн АҚШ доллары, материалдар — 18% немес 6,53 млн АҚШ доллары, жұмыс (қызмет) — 35% және 290,291 млн АҚШ доллары.

Жабдықтар шығарылған зауыттарға АКШ және МТӨК комплектациялау департаментінің және зауыттың бас мамандары инспекциямен барды.

Ірі габаритті жабдықтар теңіз және өзен жолымен тасымалданды. Ал қалғаны теміржол немесе автокөлікпен жеткізілді. Ал жоба соңына қарай, яғни белгіленген мерзім таяған кезде жүк әуе көлігімен жеткізілді. Қытай арқылы келген әр жабдықтың жәйі SEG компаниясы мамандарымен бірге талқыланып, жеткізудің экономикалық жағынан тиімді жолы таңдалып отырды.

Соңғы аккордтар

Кешенді іске қосу, оны қолданыстағы өндіріске кіріктіру жобаға қатысушылардың қай-қайсысына да зор сынақ болды. Қондырғылардың құрылысы 2017 жылғы 25 қарашадан 25 желтоқсанға дейінгі аралықта механикалық тұрғыда аяқталды. Бірінші дайын болған «Күкіртсіздендіру Sulfrex» қондырғысында іске қосу алдындағы операциялар басталды. Біртіндеп басқа да қондырғылар кезек-кезегімен қосылып жатты.

2018 жылғы 29 наурызда каталитикалық крекинг қондырғысын іске қосу кезінде автобензиннің алғашқы тәжірибелік-өнеркәсіптік партиясы алынды. Содан бері тауарлық жоғары октанды бензин өндірісі 2 еседен жоғары деңгейге артты (тәулігіне 1900-дан 4100 тоннаға дейін).

Әлеуметтік маңызды мұнай өнімдерінің: автобензин, дизель отыны, РТ маркалы авиакеросин, сұйытылған газ өндірісінің артуына мұнайды терең өңдеу кешенінің іске қосылуы жол ашты.

2019 жылы сол кезде Қазақстандағы ең төмен температуралы Khazar-38 дизель отыны шығарыла бастады. 2021 жылғы қаңтарда қату температурасы минус 45˚С Altay-45 қысқы дизель отының алғашқы партиясы алынды. СТ ТОО 403 19154-38-2020 бойынша шығарылған ДТ-А-К5 маркалы Altay -45 дизель отыны мұнайды терең өңдеу кешенінің Prime D 3205 дизельді сутекпен тазарту қондырғысында шығарылды. Жаңа өнім К5 класының экологиялық талаптарына сай келеді. Құрамындағы күкірттің минимал деңгейі және қоспалардың болмауы АМӨЗ-ден шыққан дизель отынының төменгі температурадағы қасиетін жетілдіріп, сапасын арктикалық отынға сәйкестендірді. Атырау МӨЗ қату температурасы рекордтық деңгейде төмен отын шығару жөнінен елдегі алғашқы кәсіпорын болды.

Маман даярлау

Зауыттың өз қаражаты есебінен және «түбегейлі тапсыру» шарты аясында жаңа кешенде жұмыс жасайтын мамандар даярланды. Оқу бағдарламасы теориялық сабақтардан және ҚР мен РФ кәсіпорындарының қолданыстағы қондырғыларында тәжірибе жинау мақсатындағы практикалық дәрістерді қамтыды.

Зауыт қаражатына жүргізілген оқыту МТӨК-тің 500 қызметкерін қамтыды (технологиялық қондырғылар операторлары, технологиялық сорғы машинистері, т.б.). Мамандық негіздері және МТӨК жаңа технологиялары бойынша теориялық курстар аясында 450 қызметкер ҚР-ның үздік ЖОО оқытушыларының дәрісін тыңдады.

Кешеннің 122 қызметкері Павлодар мұнай-химия зауыты, Петро Казахстан Ойл Продактс, павлодарлық «Нефтехим» компаниясы, «Лукойл — Нижегороднефтеоргсинтез» ААБ (Кстово қаласы), «Лукойл-Пермнефтеоргсинтез» ААБ (Пермь қаласы) және «Орскнефтеоргсинтез» (Орск) базаларында тағылымдамадан өтті.

Кешенде 457 жаңа жұмыс орны ашылды. Ұжым зауыттың қолданыстағы өндіріс қызметкерлерінен және Қазақстан мен Ресейдің жоғары оқу орны түлектерінен жасақталды.

Кешеннің құрылысы мен оны іске қосу жұмыстарына
Д. С. Тиесов, Қ.Қ. Оразбаев, Н. Қ. Кейкин, Ғ. Ж. Амантурлин,
Т.Д. Кукатов, Н. Ж. Есенова, Н.А. Щербакова, С.Ф. Немцев,
Д. В. Козырев, В.Г. Гацко, Д. С. Макеев, А. Х. Ғаббасов, К. Ю. Шкодин
және басқалары зор үлес қосты.

Жоба нәтижесі:

- тұтынушылар үшін маңызды өнімдер — К4,К5 экологиялық класына сай келетін автобензин және дизель отынының өндіріс көлемі артты;
- авиациялық отын өндірісі жылына 21 мың тоннадан 252 мың тоннаға жетті;
- К-5 класына сай қысқы дизель отынының өндірісі жолға қойылды;
- қарамай өндірісі жылына 1 495 мың тоннадан 515 мың тоннаға азайды;
- мұнай өңдеу тереңдігі артты;
- мұнай өнімдері себетінің құны артты (ішкі нарыққа мұнай жеткізуді ынталандырады).



АМӨЗ-де Мұнайды терең өңдеу кешенін салу жөніндегі келісімге қол қою. 2011 жылғы 29 желтоқсан
Тапсырыс беруші тараптан «АМӨЗ» ЖШС бас директоры Талғат Байтазиев, Консорциумнан Sinopec Engineering (ҚХР) бас директоры Чжу Хайсин, Marubeni Corporation зауыт қондырғыларын және өнеркәсіптік жабдықтарды шығару бөлімінің директоры Мотоо Учияма (Жапония) және «ҚазҚұрылысСервич» ҰМҚК» АҚ бас директорының коммерция жөніндегі орынбасары Рамалингам Рамачандран Кришнамбал қол қойды.




АМӨЗ ұжымы салтанатты рәсімде.
2012 жылғы 10 қыркүйек



Қытайлық Sinopec компаниясының ұжымы салтанатты рәсімде.
2012 жылғы 10 қыркүйек





2012 жылғы 10 қыркүйекте МТӨК құрылысы іргетасының алғашқы тасын қалауға арналған салтанатты шара өтті



МТӨК құрылыс алаңына алғашқы қада қағу рәсіміне қатысушылар. 2013 жылғы 13 қыркүйек



Алғашқы қада қағу. 2013 жылғы 13 қараша



Ләззат Кетебайұлы ҚИЫНОВ

Қазақстанның мемлекет қайраткері. «ҚазМұнайГаз» ҰМК бірінші басшысы (2002–2003, 2011–2013) ретінде мұнай саласының, соның ішінде мұнай өңдеудің стратегиялық дамуын айқындады. АМӨЗ-ді жаңартудың үш кезеңі де Л.Қиыновтың жетекшілігімен басталып, мұнай өңдеу көлемі артты, әлеуметтік бағдарламалар іске асырылды.

«Парасат», «Отан» ордендерінің иегері.



Қазан астына орнатылатын діңгектің арматуралық қаңқасын құру. 2014 жылғы 1 сәуір



МТӨК құрылысының панорамалық суреті. 2015 жылғы жаз



Мұнайды терең өңдеу кешені құрылысы департаментінің ұжымы
Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Р. Төленов, Г. Сидалиев, А. Түсіпқалиев, С. Алдабергенов, Д. Тимофеев, Н. Жұматаев, А. Ерғалиев, Н. Құрмашев, А. Құбаев, Н. Насанбай.
Екінші қатарда (солдан оңға қарай): Ж. Әлмұханов, М. Нұғманов, А. Жағыпаров, Н. Наместников, А. Баймұханов, Д. Дайыров, Л. Донец, Т. Кукатов, М. Ғаббасов, В. Пак, Б. Темірбеков, А. Камалов, М. Халихов, И. Сапаров, И. Ирышков



Ірі габаритті жабдықты орнату. 2015 жылғы қазан



Технологиялық қондырғыға арналған жабдық. 2015 жылғы 22 қазан



Sinopec компаниясының Қазақстандағы бөлімшесінде жоба директоры Ши Чжунчжоудың төрағалығымен жиналыс өтуде



АМӨЗ және Sinopec мамандары мәселелерді талқылау үстінде



Қондырғы құрылысы. 2016 жылғы ақпан




Жабдықтарды орнату. 2016 жылғы ақпан





Жабдықты орнату. 2016 жылғы мамыр





АтырауНефтеМаш зауытында шығарылған жабдықтарды жеткізу. 2016 жыл



Sinopec компаниясының Қазақстандағы бөлімшесі ұжымы Жаңа жыл мерекесі қарсаңында. 2016 жыл



Каталитикалық крекинг қондырғысының құрылысы.
2016 жылғы 15 сәуір



АМӨЗ және Sinopec мамандары құрылыс алаңында.
2017 жылғы мамыр



Sinopec құрылысшылары жұмыс процесін талқылауда.
2017 жылғы мамыр



Мердігер ұйым мамандары.
2017 жылғы мамыр



Sinopec инженерлері. 2017 жылғы мамыр



Дмитрий Сергеевич МАКЕЕВ

АМӨЗ-ді кең ауқымды қайта жаңғырту жобаларына – кешендердің құрылысы мен оларды іске қосуға белсенді қатысты. Күрделі құрылыс және зауыт реконструкциясын басқаруда маңызды лауазымдарда қызмет етті. 2023-2024 жылдарда «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ топ-менеджменті сапында болды.



МТӨК құрылысы. 2016 жылғы шілде



Бутендерді олигомеризациялау қондырғысының құрылысы. 2017 жылғы сәуір



2017 жылғы 6 маусымда АМӨЗ-де МТӨК каталитикалық крекинг қондырғысының қуаты 20 МВт (мегаватт) басты энергия агрегатын (осьтік компрессор) іске қосуға орайластырылған салтанатты шара өтті



АМӨЗ-дің бас директоры Ғалымжан Амантурлин зауыттықтарды басты электр агрегатының іске қосылуымен құттықтауда. 2017 жылғы 6 маусым



Sinopec ұжымы. 2017 жылғы 6 маусым



МТӨК жобасының директоры Ши Чжунчоудың энергия агрегатының іске қосылуымен құттықтауы. 2017 жылғы 6 маусым



Василий Григорьевич ГАЦКО

Еңбек жолында оператордан бас инженерге дейінгі лауазымдарда қызмет етті. АМӨЗ-ді қайта жаңғыртудың үш инвестициялық жобасын іске асыруға белсенді атсалысты. АКШ және МТӨ кешендерін іске қосуды ұйымдастырушылардың бірі.



Sinopec және АМӨЗ мамандары құрылыс барысын қадағалауда. 2017 жылғы қазан



Кабель желілерін бетондауға арналған қалып құру жұмыстары



Солдан оңға қарай: Sinopec компаниясының Қазақстандағы бөлімшесі директорының орынбасары Гуо Хэн және «АМӨЗ» ЖШС МТӨК құрылысы департаментінің директоры Талғат Кукатов




Күкірт шығаруға арналған құрамдастырылған қондырғының құрылысы. 2017 жылғы тамыз



Каталитикалық крекингтің жеңіл нафтасын этерификациялау (TAME™ процесі) қондырғысының құрылысы. 2017 жылғы тамыз



Бензолды сутектендіру қондырғысы (Benfree™). 2017 жылғы 4 тамыз



Газойлды сутекпен тазарту қондырғысының (Prime D™ процесі) құрылысы. 2017 жылғы 4 тамыз



«АМӨЗ» ЖШС «Парыз-2017» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша байқауда лауреат атанып, ірі кәсіпкерлік субъектілері арасында «Еңбек қорғау саласындағы үздік кәсіпорын» аталымы бойынша 3-орын иемденді. Марапатты ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев тапсырды. 2017 жылғы 6 желтоқсан



Марапат қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Өтесін Уандықовқа табысталды. 2017 жылғы 6 желтоқсан



Аспаптарға сынақ жұмыстарын қадағалау. 2017 жылғы қараша



АМӨЗ күрделі құрылыс және қайта жаңғырту жөніндегі басқарушы директоры Нұрлан Кейкин құрылыс алаңдарын аралауда. 2017 жылғы 24 қараша



МТӨК-ті іске қосу жұмыстары 2017 жылғы 15 желтоқсанда бастау алды
Солдан оңға қарай: Sinopec Engineering компаниясының бас директоры Сян Вэньу, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ тасымалдау, өңдеу және маркетинг жөніндегі теле-президенттің міндетін атқарушы Данияр Тиесов, «АМӨЗ» ЖШС бас директоры Ғалымжан Амантурлин





МТӨК-тегі іске-қосу баптау жұмыстары. 2018 жылғы 17 қаңтар



Атырау мұнай өңдеу зауытының ұжымы. 2017 жылғы 15 желтоқсан



«ҚазҚұрылысСервис» компаниясының ұжымы. 2017 жылғы 15 желтоқсан



Мағзұм Маратұлы МЫРЗАҒАЛИЕВ

Қазақстанның мемлекет қайраткері. ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрі (2019–2021), ҚР энергетика министрі (2021–2022), «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы (2022–2024) ретінде республиканың мұнай және энергетика салаларының стратегиялық дамуын айқындады.

«Құрмет» орденінің иегері.



МТӨК-тегі іске-қосу баптау жұмыстары. 2018 жылғы ақпан



«ҚазМұнайГаз» ҰҚ»АҚ, ҚР Энергетика министрлігі және Атырау мұнай өңдеу зауыты мамандары МТӨК-те. Солдан оңға қарай: Дмиртий Макеев, ???, Бахыт Маханов, Нұрлан Кейкин, Асқар Досжанов, Талғат Кукатов. 2018 жыл



Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау МӨЗ-де болып, кәсіпорынды жаңарту жобасымен танысты. 2018 жылғы мамыр



Солдан оңға қарай: Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев, АМӨЗ бас директоры Ғалымжан Амантурлин, Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев. 2018 жылғы мамыр



Операторлардың бірыңғай қосынында. 2018 жылғы мамыр



Sinopec Group компаниясының теңе-президенті Лин Ичун мен «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Данияр Тиесовтің кездесуі





МТӨК-ті іске-қосу бапталу жұмыстары. 2018 жылғы мамыр



АМӨЗ-ге еңбегі сіңген ардагерлер. Әрқайсысының зауыттағы еңбек жолы 50 жылдан асады. Жас мамандарды күрделі технологиялық қондырғылардағы еңбекке баулыған тәлімгерлер.
Солдан оңға қарай: Юрий Тимофеевич Милехин, Павел Кузьмич Сармин, Андрей Андреевич Швайгерт



АМӨЗ және Sinopec мамандары құрылыс алаңында.
2018 жылғы мамыр











Мұнайды терең өңдеу кешені











АМӨЗ-де тағылымдамадан өтуші жастар тәлімгер П.К.Сарминмен





АМӨЗ-дің компьютерлік-жаттығу залындағы оқыту жұмыстары




КазМунайГаз
ОГНЕОПАСНО




80
ЖЫЛ
АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

